БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Байынқол Қалиұлы

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

(мұғалімдер мен студенттерге
арналған көмекші құрал)

Алматы "Мектеп" 1997

ББК. 81.2. Каз
Қ 26.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕМ ТІЛДЕР УНИВЕРСИТЕТІ

Б.Қалиұлы. Тіл біліміне кіріспе (мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал) - Алматы. "Мектеп" баспасы, 1997. 95 бет.

Мұнда жоғарғы оқу орындарының филология факультеттері мен шет тілдері факультеттерінде оқытылатын "Тіл біліміне кіріспе" пәнінің бағдарламасына сәйкес тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері, оның ғылыми негіздері мен құрылымдық жүйелері толық, әрі қысқа түрде баяндалған. Тіл білімінің басты-басты қағидалары мен тұжырымдары еңбекте дүние жүзі тілдерінің негізінде сөз етіледі және олардың бәрі тіл білімінің соңғы кездердегі қол жеткен жетістіктерімен ұштастырылады.

Оқу құралы аталған факультеттердің студенттері мен мұғалімдеріне арналған.

Оқу құралын бекіткен және баспаға ұсынған - ҚазМӘТУ-дің Ғылыми кеңесі

АЛҒЫ СӨЗ

Қолдарыңыздағы оқу құралында осы жазбалар иесінің Қазақ мемлекеттік Әлем тілдер университетінің 1-курс қазақ тобы студенттеріне біраз жылдардан бері оқып жүрген дәрістері (лекциялары) жинақталған. Мақсат - студенттерге мемлекеттік стандарт негізінде жасалған бағдарлама бойынша " Тіл біліміне кіріспе" пәнінде қамтылуға тиісті білім мазмұнын әрі толық, сонымен бірге, әрі қысқа, әрі жинақы түрде баяндап беру.

Оқырмандардың көңілін осы жолдардағы "әрі толық, әрі қысқа" деген сөздерге аударғымыз келеді. Былайша алып қарағанда, бір нәрсе туралы толық айтқың келсе, оны қысқа айта алмайсың. Керісінше, ол туралы қысқа айтсаң, ешқашан толық болып шықпайды. Біздің міндетіміздің қиындығы да, маңыздылығы да осында.

Бүкіл университеттер мен педагогикалық институттарда осы пән бойынша бұған дейін де, қазір де жаппай пайдаланылып жүрген оқулық - Қазақ Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор К.Ахановтың "Тіл білімінің негіздері" (1973,1978,1993) атты кітабы. Оның көлемі - 624 бет, яғни 35 баспа табақ. Ал бұл салаға кейіннен қосылған Ә.Хасеновтың "Тіл білімі" (1-басылымы, 1990; 2-басылымы, 1996) атты еңбегінің көлемі - 416 бет (23 баспа табақ). Бұларда тіл білімінің басты-басты ұғымдары мен қағидалары толық, әрі жан-жақты айтылған. Жалғыз-ақ кемшіліктері - олар тым шұбалаңқы және көлемдері өте үлкен. Оның үстіне бұл оқулықтарда оқулық атаулыларға тән қысқалық және мәселенің тоқ етерін ғана айту деген заңдылықтар сақталынбаған. Ылғи да пән басты болып, уақыт жеткізе алмай жүретін студенттер үшін бұларды тәптіштеп оқып шығу қиынның қиыны.

Мәселенің осы жағын ескеріп, әрі өзімнің студенттерге білім берудегі тәжірибелеріме сүйене отырып, осыдан біраз уақыт бұрын алдыма студенттерге ең керектісі ғана айтылған, әрі ол қысқа түрде, түсінікті тілмен жазылған көмекші оқу құралын жазуды мақсат етіп қойған едім. Бұл кітап - сол еңбектің жемісі.

Жасырмаймын: мұндағылардың бәрі тікелей өз қаламымнан шықты деп айту қиын. Оларды жазу үстінде мен өзіме дейінгі жоғарыда аты аталған оқулықтардың, әсіресе өзіме ұстаз болған профессор Кәкен Ахановтың оқулығының ізімен жүруге, кей жерлерін тіпті сол кісінің сөздерімен айтуға мәжбүр болдым.

Себебі менің мақсатым - жаңа оқулыққа төлие (автор) болу емес, өз

дерістерімді студенттерге қайтсем жеңіл тілмен түсінікті етіп айтып беру деген ниет болатын. Жеңіл тілді, түсінікті етіп айтып беруді мен көбінесе К.Ахановтың оқулығынан таптым.

Бұл оқу құралының тағы бір айырмашылығы - кейінгі кездерде жоғары оқу орындарында оқыту ісі модульдық тәсілмен оқытылып, сынақтың барлық түрі тест арқылы жүзеге асырылып жүр. Жаңа оқу құралын құрастыру үстінде бізге бұл жаңалықтарды да ескеруге тура келді. Сондықтан да, біз дәріс мәтіндерін бермес бұрын, ең алдымен оған Қазақстан Республикасы Әлем тілдер университетінің студенттері үшін модульдық негізде өзіміз жасаған жұмыс бағдарламасының мәтінін беруді жөн көрдік. Студенттер үшін де, оқу құралын пайдаланушы мұғалімдер үшін де мұның пайдасы болмаса, зияны бола қоймас деп жорамалдадық. Ескертеріміз: бағдарламаның бірден-бір дұрыс үлгісі осы деуден аулақпыз. Оны әркім өздерінің қолайларына жағатындай етіп, өзгертіп алуларына болады.

Сондай-ақ, әрбір модульге арналған дәріс мәтіндері аяқталғаннан кейін, сол тақырыптарға арналған тест сұрақтарын да беріп отырғанды дұрыс деп санадық. Студенттерге бұлардың қажеттігі мол болар деген ойдамыз.

Оқу құралының соңына қарай студенттер пайдалануға тиісті әдебиеттердің тізімі берілді. Олар үшін бұлардың да қажетті дүниелер екендігіне ешкімнің таласы бола қоймас.

Телие

ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ ПӘНІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

1-курс (экзамен)

Сағат есебі: 20 сағат дәріс (лекция) + 28 сағат семинар + 22 сағат өздік жұмыс (СРС); барлығы 70 сағат.

"Тіл біліміне кіріспе" - теориялық пән. Ол 1-курс студенттеріне оқытылады. Пәннің мақсаты мен міндеттері: студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдары мен, терминдерімен таныстыру, оның басты-басты теориялық мәселелерін баяндап беру.

Бағдарламаның мазмұны

1 - модуль

Дәріс

6 сағ. 1. Тіл білімі және оның зерттеу нысаны (объектісі): Тіл білімінің салалары; Тіл білімінің ғылымдар жүйесіндегі алатын орны; Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы; Тіл білімінің теориялық және практикалық мәні.

2. Тілдің табиғаты мен қоғамдық қызметі: атауыштық (номинативтік), қатынас құралы (коммуникативтік), эстетикалық (эмоциялық, экспрессивтік) қызметі. Тіл - ойлаудың, ойды жарыққа шығарудың құралы.

3. Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелілік сипаттары: Тілдің таңбалық сипаты; Тілдің құрылымдық сипаты; Тілдің жү-

йелілік сипаты. Тілдік элементтер және олардың түрлері.

Семинар 8 сағ.	1. Тіл білімі және оның салалары. 2. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы. 3. Тілдің қоғамдық қызметі. 4. Тілдің таңбалық, құрылымдық, жүйелілік сипаттары.
Студенттердің өздік жұмысы үшін тапсырмалар (контроль жұмыстарының тақырыптары): 6 сағ.	1) Тіл және ойлау 2) Тілдік таңба мен шартты таңба 3) Синхрония және диахрония
Рейтинг өлшемдері мен балл есебі:	

1.	Студенттердің лекцияға қатысуы	- 10 балл
2.	Лекцияны жазып алуы	- 10
3.	Осы тақырыптардан білгенін айтып беруі (коллеквиум өткізуі)	- 10
4.	Семинарға қатысуы	- 10
5.	Семинарға жазбаша даярланып келуі (әр сұраққа тезис түрінде жауап жазуы)	- 10
6.	Семинарда сөйлеуі (Баға қойылады)	- 10
7.	Өздік жұмыс (ӨЖ):Бірінші тапсырма	-10
8.	ӨЖ: Екінші тапсырма	- 10
9.	ӨЖ: Үшінші тапсырма (үшеуіне де	

жеке-жеке баға қойылады) - 10

10. Алған бағаларының (6,7,8,9) саны және олардың орташа есебі: Егер орташа бағасы "бес" болса ("4" болса - 7, "3" болса -4, "2" болса - 0 балл) - 10

Барлығы 100 балл

Баға қою жүйесі:

90 - 100	5
75 - 89	4
55 - 74	3
54 - ?	2

2 - м о д у л ь

Дәріс
8 сағ.

1.Сөздің морфологиялық құрылымы; Сөздердің типтері; Морфема мен оның түрлері; Түбір мен негіз, олардың айырмашылығы; Жұрнақ пен жалғау, олардың ерекшіліктері.

2.Грамматикалық тәсілдер мен формалар:
а) Грамматикалық тәсілдер: аффикстік тәсіл,ішкі флекция тәсілі, қосарлану тәсілі, көмекші сөздер тәсілі, сөздердің орын тәртібі тәсілі, екпін тәсілі, интонация тәсілі; ә) Грамматикалық формалар мен грамматикалық мағыналар; Сөз формалары, олардың түрлері. б) Грамматикалық категориялар: Грамматикалық категориялардың түрлері мен олар-

дың мағыналары.

3. Сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылымы:

а) Сөз тіркесінің құрылымы; Сөз тіркесінің байланысу амалдары мен жолдары; Сөз тіркесінің түрлері.Сөз тіркестерінің күрделі сөздер мен фразеологиялық тұрақты тіркестерден айырмашылықтары; ә) Сөйлемнің құрылымы; Сөйлем мен сөз тіркесінің,сөйлем мен айтылыстардың (высказывания) айырмашылықтары. Сөйлемге тән белгілер. Сөйлемнің түрлері.

4.Сөз таптарының шығуы мен дамуы және олардың топтастырылуы: Сөз таптарының шығуы; Сөз таптарының дамуы;Сөз таптарының топтастырылуы.

Семинар 12 сағ.

1. Сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері.
2. Грамматикалық тәсілдер.
3. Грамматикалық формалар мен грамматикалық мағыналар
4. Грамматикалық категориялар.
5. Сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылымы.
6. Сөз таптарының шығуы мен дамуы.

Студенттердің өздік жұмысы үшін тапсырмалар: 8 сағ.

1) Сөздердің синтаксистік формалары мен аналитикалық формалары.
2) Сөз таптарының шығуы мен дамуы.
3) Сөз таптары және олардың топтастырылуы (классификациясы).

Рейтинг өлшемі мен балл есебі: (6 бетте)

Баға қою жүйесі: (7 бетте)

3 - модуль

Дәріс

6 сағ.

1. Тілдің шығуы мен дамуы; Тілдің шығуы; Дыбысқа еліктеу теориясы; эмоциональды теория; одағай теориясы; қоғамдық шарттасу теориясы; еңбек айқайы теориясы. Тілдің дамуы; Тіл мен қоғамның байланысы; Тілдің дамуы туралы әр түрлі көзқарастар; Тілдің даму жолдары; Революциялық жол; Эволюциялық жол. Тілдің ішкі даму заңдары.

2. Дүние жүзі тілдері және олардың топтастырылуы (классификациясы): Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеалогиялық) жағынан топтастырылуы; Тілдің морфологиялық (типологиялық) жағынан топтастырылуы.

3. Жазудың шығуы мен дамуы: Жазудың шығуы; Жазудың дамуы. Алфавит. Графика. Орфография. Транскрипция мен транслитерация.

Семинар

8 сағ.

1. Тілдің шығуы туралы теориялар.
2. Тілдің дамуы туралы көзқарастар мен заңдар.
3. Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеалогиялық) жағынан топтастырылуы.
4. Тілдердің морфологиялық (типологиялық) жағынан топтастырылуы.

Студенттердің өздік жұмысы үшін тапсырма-

1. Тіл дамуының жалпы және жеке заңдары.
2. Тілдердің өзара әсері.
3. Тілдердің шығу тегі жағынан топтастырылуының құры-

лар: лымдық тармақтарының сұлабасын (бұтақты ағаш түрі-
8 сағ. ді етіп) жасау.

Балл есебі: (6 бетте)

Баға қою жүйесі: (7 бетте)

Бірінші дәріс

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ (ОБЪЕКТІСІ)

" Тіл біліміне кіріспе" - университеттер мен growing педининституттар филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндеті: студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдарымен, терминдерімен таныстыру, оның басты-басты теориялық мәселелерін баяндап беру.

1. Тіл білімі және оның салалары

Тіл білімі (лингвистика) - тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл - қоғамдағы адамдардың өз ара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады.

Тілдің осы аталған әр түрлі жақтары тіл білімінің тиісті салаларында қарастырылады. Мысалы, тілдің дыбыс жүйесі тіл білімінің фонетика саласында, сөздік құрамы лексикология саласында қарастырылса, оның грамматикалық құрылысы грамматика саласында қарастырылады.

Тіл білімінің осы аталған салаларының әр қайсысы өз ішінде тағы да бірнеше тармақтарға бөлінеді. Мысалы, фонетика саласы 1) сипаттама

фонетика, 2) салыстырмалы-тарихи фонетика, 3) эксперименталды фонетика және тағы басқа болып сараланады. Лексикология, грамматика да дәл осындай.

Тіл және оның жоғарыда аталған әр түрлі салалары ылғи дамуда болады. Ол даму қалай болса солай емес, тілдің ішкі даму заңдары бойынша дамиды.

Тілдің әр түрлі жақтары: дыбыс жүйесі (фонетика), сөздік құрамы (лексикология), грамматикалық құрылысы (грамматика) бір-бірімен тығыз байланыста болады және бір-бірімен тығыз байланыста сөз етіледі. Өйткені, тіл білімі тілдің жоғарыда айттық, әр түрлі жақтары мен салаларын, олардың дамуын, өз ара байланысын, тіл дамуының ішкі заңдарын зерттейді.

Тілді белгілі бір дәуірде өмір сүріп тұрған қалпын зерттейтін тіл білімі бар және оның шығуы мен тарихын, дамуын зерттейтін тіл білімі бар. Алдыңғысы сипаттама тіл білімі (немесе синхрондық лингвистика), соңғысы тарихи тіл білімі (немесе диахрондық лингвистика) деп аталады.

Белгілі бір тілді (оның жүйесі мен құрылымын) ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру үшін және оның даму заңдарын айқындау үшін, ол тілді және ондағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды туыстас тілдердегі бір тектес құбылыстармен салыстыру тұрғысынан зерттеу қажет. Яғни тілдің табиғатын, оның даму заңдарын айқындаудың басты шарты - тілдік құбылыстарды тарихи (өзгеру, даму) және салыстыру тұрғысынан зерттеу. Бұны салыстырмалы-тарихы әдіс деп атайды.

Жеке бір тілдің жүйесі мен құрылысын және оның даму заңдарын айқындайтын жеке тіл білімі бар (мысалы, қазақ тілі немесе орыс тілі) және ғылым ретіндегі тіл білімінің теориясы болып саналатын жалпы тіл білімі бар. Жалпы тіл білімі - нақты бір тіл туралы емес, адам баласы тілінің дамуының жалпы заңдары туралы ғылым. Демек, тіл білімінің жалпы теориялық саласы болып саналатын жалпы тіл білімі, әдетте, бір ғана

тілдің емес, көптеген тілдердің деректерін есепке алады. Оларды жинақтай келіп, жалпы теориялық топшылаулар мен қорытындылар жасайды.

Жалпы тіл білімінің теориялық топшылаулары мен қорытындылары жеке тілді зерттеу үшін қажет. Ал жалпы тіл білімі жеке тілдерді зерттеуге бағыт-бағдар сілтейді.

Сөйтіп, жалпы тіл білімі тілдің мәні мен қызметін, оның ойлаумен ара қатынасын, байланысын, адам баласы тілінің пайда болуын қарастырады; тілдің даму заңдарын айқындайды; дүние жүзіндегі тілдерге классификация жасайды; ғылымдар жүйесінде тіл білімінің алатын орнын айқындайды.

Жалпы тіл білімі - тіл туралы ғылымның теориялық саласы. " Тіл біліміне кіріспе" деп аталатын курс - міне, осы жалпы тіл білімінің бастамасы. Ол жалпы тіл білімі қарастыратын мәселелерді оқып білу үшін алғашқы баспалдақ, соған жолдама іспетті.

2. Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны

Шындық болмыстағы құбылыстардың бір тобы - жаратылыс құбылыстары болса, екінші тобы - қоғамдық құбылыстар. Жаратылыс құбылыстарын жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология, математика т.б.) зерттесе, қоғамдық құбылыстарды - қоғамдық ғылымдар (тарих, философия, психология, логика, саяси экономия, заң, тіл, әдебиет т.б. ғылымдар) зерттейді. Осыған орай, ғылым атаулы, әдетте, екі топқа бөлінеді: оның бірі - жаратылыстану ғылымдары, екіншісі - қоғамдық ғылымдар.

Тіл білімі - ғылымдардың екінші тобына, яғни қоғамдық ғылымдар тобына жатады. Тіл білімінің басқа ғылымдар жүйесінде алатын орны ерекше. Себебі кез келген ғылым тіл арқылы түсіндіріледі, тіл арқылы игеріледі. Жалпы алғанда: барлық ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте болады. Өйткені материалдық дүниенің өзі органикалық бірліктен тұрады. Сондықтан ол материалдық дүниенің әр түрлі жақтарын

зерттейтін ғылымдардың өздері бір-біріне әсер етеді, бірін-бірі байытады.

Біз сөз еткелі отырған тіл білімі де басқа көптеген ғылымдармен байланысқа түсіп, солармен қарым-қатынаста дамып келеді. Ол, ең алдымен, қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста. Себебі: тіл - қоғамның туумен бірге туып, қоғамның дамуымен бірге дамитын қоғамдық құбылыс. Ол қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас жасасу құралы ретінде қызмет атқарады.

Қорыта келгенде, тіл білімі - дербес ғылым. Ол әртүрлі қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарымен де қарым-қатынаста, өз ара байланыста болады.

3.Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы

Тіл білімі, ең алдымен, әдебиетпен байланысты. Өйткені "Тіл - әдебиеттің бірінші элементі". Әдеби шығарма лингвистер үшін өте құнды материал. Әсіресе тіл білімінің стилистика саласы әдебиеттанумен тығыз байланысты.

Тіл білімі философиямен тығыз байланысты. Философия тек тіл білімінің ғана емес, күллі ғылымдардың методологиясы болып саналады. Философия да, тіл білімі де барлық құбылыстарды бір-бірімен өз ара байланыста қарастырады. Философия табиғат пен қоғам өміріндегі барлық құбылыстар қозғалу, өзгеру, даму күйінде болады деп үйретсе, тіл білімі де тілдік құбылыстарға солай қарайды. Өйткені тіл де басқа қоғамдық құбылыстар сияқты өзгереді, дамиды. Бірақ, ескертетін нәрсе тілдегі өзгеру тым баяу өтеді.

Философия өмірдегі барлық заттар мен құбылыстарда форма мен мазмұн бар, олар өз ара байланыста, бірлікте болады, - деп үйретеді. Мазмұн өмір сүру үшін, белгілі бір формаға ие болуы керек. Тіл де - дәл

осындай құбылыс. Тілдегі формалардың да (сөздердің, грамматикалық категориялардың) мағына, мазмұны бар. Олар да бір-бірімен тығыз байланысты.

Тіл білімі логикамен тығыз байланысты. Көпшілікке белгілі, логика - ойлаудың заңдары мен ой формалары туралы ғылым. Ал ойлау, әдетте, тіл арқылы іске асады, тіл арқылы жарыққа шығады. Анығырақ айтқанда, адамның ойы тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, түсінікті болады.

Тіл білімі психологиямен де байланысты. Психология түйсік пен қабылдау, ес пен ой, сезім мен зейінді зерттейді. Ал бұлардың сөйлеу процесіне (оны қабылдап, түсіну процесіне) тікелей қатысы бар. Өйткені біреудің айтқанын қабылдау, оны ұғыну процесі болмаса, қарым-қатынас жасасу, пікір алысу да болмаған болар еді.

Адам сөз арқылы белгілі бір затты атап қана қоймайды, сонымен бірге, сол затқа (іске, құбылысқа) өзінің қатынасы мен оған қалай қарайтындығын да білдіреді. Яғни тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сонымен бірге,сезімді де білдірудің құралы. Мысалы: **жаман, жексұрын, сұмпайы, сұмырай** немесе **құмар, іңкәр, ынтазар** т.б. Бұл сөздер (синонимдер) бір-бірінен эмоциялық бояуы жағынан ажыратылады.

Сөйлеу процесіне жоғарғы нерв жүйесі де қатысады, яғни сөйлеу жоғары нерв жүйесінің қызметімен байланысты. Жоғары нерв жүйесі жақсы жетілсе, сөйлеу де жақсы жолға қойылған деп есептеледі. Тілдің күрмелуі, кекештену, жақсы сөйлей алмау - мидың зақымдануынан болады. Психиаторлар, дефектологтар, логопедтер сөйлеуді жоғарғы нерв жүйесінің, мидың қызметімен байланыстыра қарастырады.

Лингвистиканың тіл дыбыстарын зерттейтін саласы - фонетика физиологиямен байланысты. Өйткені сөйлеу - дыбыстау мүшелерінсіз (ауыз, тіл, тіс ...) мүмкін емес. Тілдің шығуының өзі алғашқы адамдардың сөйлеу мүшелерінің жетіліп дамуына байланысты.

Тіл білімі физиканың акустика саласымен де байланысты. Адам баласының тілі - дыбыстық тіл. Тілдегі дыбыстар жүйесін тіл білімінің фонетика саласы зерттейді. Ал жалпы дыбыс атаулыны физиканың акустика саласы зерттейді. Ендеше, бұл екеуі де бір-бірімен байланысты.

Тіл білімінің тарих ғылымымен, оның ішінде этнографиямен, археологиямен байланысы бар. Тіл тарихы - сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы халықтың тарихымен байланысты. Олар бірін-бірі байытады, бірін-бірі толықтырады. Тілдік деректерді - тарих, тарихи мәліметтерді - тіл пайдалана алады. Айталық, тіліміздегі кірме сөздерді зерттеу арқылы қазақ халқының бұған дейін қандай халықтармен аралас-құралас болғандығын білуге болады.

Этнографтар халықтың ерте кездегі салтына, дәстүріне, әдет-ғұрпына, тұрмысына байланысты материалдық байлықтарды зерттегенде тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені тіл - соларды ұзақ уақыт бойы сақтап қалған құралдырдың бірі.

Тіл білімі антропологиямен де жақындасады. Антропология - адамның биологиялық табиғаты, адамның морфологиялық типтері туралы ғылым. Адам баласы тілінің пайда болу дәуірін айқындауда әсіресе палеантропологияның деректері айрықша маңызды.

Тілге кейде географиялық факторлар да әсер ете алады. Мысалы, аралда тұрған халықтардың тіліне ешкім әсер ете алмауы мүмкін. Болмаса кең аймақта тұратын халықтың тілдері диалектерге бөлініп кетуі мүмкін, ал тар аймақта тұратын халықтардың тілдеріндегі диалектілер бірігіп, жойылып кетуі ғажап емес.

Тіл білімі мен географияның өз ара байланысы ғылымның жаңа бір саласы - лингвистикалық географияның тууына әкеп соқты. Лингвистикалық георграфия тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстардың қай территорияға тарағанын көрсетеді. Бұл, әсіресе, диалектіні зерттегенде ерекше маңызды. Сол арқылы, белгілі бір тілдің немесе диа-

лектілердің лингвистикалық картасы (атласы) жасалынады.

Тіл таңбалардың жүйесі (знак). Осыған орай тіл білімі жалпы таңба атаулыны қарастыратын - семиотика ғылымымен байланысқа түседі. Таңбаларға Морзе әліппесі, жазу мен цифрлар, жол белгілері, тағы басқалар жатады. Жазусыз (әріптерсіз) тіл жоқ екендігі белгілі.

Тіл білімі белгілі дәрежеде математикамен де, кибернетикамен де байланысты. Тіл білімі математика ғылымымен, біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілді зерттеуде математикалық статистика әдістерінің қолданылуы жағынан байланысады. Математикалық сөздердің, дыбыстардың қолданылу жиілігін айқындауға көмектеседі. Осының нәтижесінде математикалық лингвистика деп аталатын білім саласы қалыптасты.

Сонымен, тіл білімі көптеген ғылымдармен байланысты екен.

4. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәні

Әдетте тіл білімінің теориялық жағынан да практикалық жағынан да мәні күшті,- деп жатамыз. Теориялық мәні дегеніміз не?

Тіл алдымен ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Соның нәтижесінде тілдің табиғаты, оның даму заңдылықтары айқындалады, ондағы тілдік категориялар сараланады. Ол категориялар мен заңдардың бір-бірімен байланысы, өзара қарым қатынасы анықталады. Сөйтіп, белгілі бір тіл туралы қорытындылар, топшылаулар жасалынады. Сол қорытындылар мен топшылаулар негізінде грамматикалық (нормативті және ғылыми) оқулықтар жазылады, түрлі сөздіктер құрастырылады. Міне, тілдің теориялық жағы дегеніміз осы.

Ал тілдің практикалық мәні деп - өлгі заңдылықтарды білуді, ол үшін сол тілді оқуды, үйренуді айтамыз. Белгілі бір тілді оқып білу -

ең алдымен сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттырады, адамның ой өрісін кеңейтеді. Содан кейін тілді, оның заңдары мен қағидаларын үйренеді.

Қысқасы, университетке, институтқа түсіп оқу, білім алу, әдетте, тілді оқып машықтанудан, атап айтқанда, дұрыс жазып, дұрыс оқи білуді үйренуден басталады. Дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу - әрбір мәдениетті, білімді адамның алдына қойылатын басты шарттардың бірі. Ал мұның өзі тілдің орфографиясы мен орфоэпиясын, грамматикасын жақсы білуді қажет етеді. Тілдің стильдік тармақтарын жете білудің де практикада маңызы зор.

Екінші дәріс

ТІЛДІҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

1. Тілдің табиғаты

Тілдің табиғаты деген нәрсе - тіл білімінің маңызды мәселелерінің бірі. Неміс ғалымы Франц Бопп тілді биологиялық құбылыс, оны құдай жаратқан, - деп есептеді. Бұл пікірді А.Шлейхер де қолдады. Ол: "Тіл де биологиялық организм сияқты туады, өседі, өледі",- дейді.

Бұлай болған күнде тіл атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа тұқым қуалау арқылы беріліп отыруы керек қой. Әрине, бұл пікір дұрыс емес. Тіл - атадан балаға гена арқылы берілетін құбылыс емес, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отыратын,кейінгі ұрпақ алдыңғы ұрпақтан үйреніп отыратын нәрсе.

Олай болатын себебі жаңа туған бала өз ата-анасының тілінде сөйлеуі де мүмкін, сөйлемеуі де мүмкін. Егер жаңа туған баланың өскен ор-

тасы өз ата-анасының тілінен басқа орта болса, ол сол ортаның тілінде сөйлеп кетеді. Оған өмірде мысалдар толып жатыр. Бұл - тілдің биологиялық құбылыс емес екендігін дәлелдейді.

Екінші бір топ ғалымдар тілді психологиялық құбылыс деп біледі. Ол "тіл құдай жаратқан нәрсе емес, оны жеке адам жасайды, жеке адамның рухы туғызады",-деген түсініктен туған. Алдыңғы пікір сияқты бұл да қате пікір еді. Егер тіл рухтың туындысы болса, әрбір адамның жеке-жеке өз тілі болған болар еді де, бір тұтас халықтың, ұлттың тілі болмас еді. Өмірде олай болмайтынын көпшілік жақсы біледі. Жеке адамның тілі қауымда ғана жасалынады, қауымда ғана дамиды.

Олай болса, адамзат тілі - биологиялық та, психологиялық та құбылыс емес, ол қоғамдық (әлеуметтік) құбылыс, қоғамға қызмет етеді. Себебі тіл қоғам үшін, қоғам мүшелерінің пікір алысып, өзара түсінісу үшін керек, сол үшін жаралған. Пікір алысу, түсінісу қоғам бар жерде ғана болады. Бір-бірімен сөйлесетін адамдар жоқ жерде тіл де жоқ. Қоғам қай жерде, қашан туған болса, тіл де сол жерде, сол заманда пайда болған. Қоғамсыз - тіл, тілсіз - қоғам болмайды.

2. Тілдің қоғамдық қызметі

Тілдің ең басты қасиеті не?

Оның ең басты қасиеті - қатынас құралы болу қызметі. Тіл - адам баласы қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын қоғамдық құбылыс.

Тіл мен қоғамның арасындағы байланыс - екі жақты болады. Біріншісі: тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі мүмкін емес. Өйткені тіл - қоғамның өмір сүруінің басты шарты. Екіншісі: тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді.

Қоғамнан тыс тіл жоқ.

Тілдің екінші басты қызметі - ол ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының құралы. Адамның ойы тіл (сөздер мен сөйлемдер) арқылы белгілі болады. Демек, ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Тілдің бұл екі қызметінен басқа, яғни қатынас құралы болу қызметі мен ойлаудың құралы қызметінен басқа, тағы бір қызметі бар. Ол - оның атауыштық (номинативтік) қызметі. Яғни тіліміздегі әрбір сөз, сөз тіркесі - белгілі бір заттың, ұғымның, қимылдың, сынның аты, атауы болып табылады.

Тілдің төртінші қызметі - экспрессивті-эмоциональдық қызмет. Тілдің экспрессивті-эмоциональдық қызметі деп - адамның сол затқа, ұғымға деген өзіндік (субъективті) қатынасын, эмоциясын, яғни не жақсы көру, не жек көру сезімін айтамыз. Мысалы: **алақай, масқара, қап, айналайын** т.б.

Тіл - халықтың тарихы, оның күллі өмірінің ізі. Одан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы сезіліп тұрады.

Тіл - талай заманның жемісі. Ол бірнеше қоғамға қызмет ете береді. Мысалы, қазақ тілі феодалдық қоғамға да, социалистік қоғамға да қызмет етті. Енді, міне, нарықтың қатынас қоғамына да қызмет етіп отыр.

Тіл белгілі бір топтың, айталық, не байдың, не кедейдің мұқтажын өтеу үшін емес, қоғамдағы барлық таптар үшін қызмет атқарады. Олай болса, тіл таптық сипатқа емес, жалпы халықтық сипатқа ие болады. Бұл - оның ең басты ерекшелігі.

Сонымен, тіл таптық құбылыс емес. Ол - қоғамдық құбылыс.

3. Тіл және ойлау

Тіл мен ойлау өзара байланысты. Дыбыстық тіл де, абстракты ойлау да адамға тән құбылыстар. Біріншіден, тіл де, ойлау да - адам миының туындысы, соның жемісі; екіншіден, тіл де, ойлау да - қоғамдық құбылыстар. Адамның ойы арқылы тілдік бірліктер (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер) болмыспен (объективті дүниемен) байланысқа түседі. Мұнсыз адамдар бір-бірімен сөйлесе алмаған болар еді. Өйткені тілдік бірліктер болмыстағы заттар мен құбылыстардың аттары. Сондықтан да, біз: тіл - ойлаудың құралы, - дейміз.

Қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып (не жазып) жеткізеді. Тыңдаушы да айтушының ойын тіл арқылы түсінеді. Сондықтан болар, К.Маркс: "Тіл дегеніміз - ойдың тікелей шындығы" - деген болатын. Ой тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Демек, тіл - пікір алысу құралы, ойлаудың құралы, ойды жеткізу құралы.

Тағы да қайталайық: ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл ойлаудың шығуымен бірге, бір мезгілде шығып қалыптасты және оның дамуымен бірге дамып келеді. Ендеше, ойлаудың тілден тыс болуы мүмкін емес екен. Бір нәрсені танып білуде тілдің атқаратын рөлі зор. Олай дейтін себебіміз, белгілі бір затты жақсы тану үшін, яғни оған ат қою үшін, ең алдымен сол заттың басты белгілерін білу керек. Сол басты белгілерін жақсы білсең, оны тану да, оған ат қою да оңай. Мысалы, ненец (Солтүстік Мұзды мұхитының жағалауында тұрады) тілінде қардың әр түрін білдіретін 40 шақты арнаулы атымен бірге жалпы ұғымды білдіретін **сыра** (мағынасы - "қар") деген сөз бар. Аталған тілде шана түрлерін білдіретін 20-дан астам сөзбен бірге **нарта** деген жалпы атауы тағы бар.

Бұдан шығатын қорытынды: атау (сөз, ұғым) жалпы (абстракты) және нақтылы (конкретті) болып екіге бөлінеді.

Адам тіл арқылы ойлайды. Ұғым сөз арқылы жатталып қалады. Ал сөз мазмұн мен форманың бірлігінен тұрады. Сөздің мазмұнын оның ұғымы, мағынасы жасайды да, сөздің формасын оның дыбыстық құрамы туғызады.

Ұғымның сөзбен айтылуы қаншалықты міндетті болса, сөздің дыбыстар тіркесімен айтылуы да соншалықты міндетті. Сөздерді бір-бірімен тіркестіріп қолдану арқылы ғана ойды білдіруге, пікір алысуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл - ойды айтып жеткізудің құралы.

Тіл біздің ойымызды туғызып, оны жеткізіп қана қоймайды, сонымен бірге, ол адамдардың сан ғасырғы мол тәжірибесін сақтайды және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады.

Дыбыс - тілдің материалдық бірлігі, сөздің құрастырушы бөлшегі. Ол тілдік форма болып саналады. Ендеше, сөз де, сөз тіркесі де, сөйлем де тілдік формалар, тілдік элементтер болып есептелінеді. Сөздің формасы оның дыбыстық құрамынан көрінеді де, мазмұны оның мағынасынан белгілі болады. Тілдегі әрбір сөз, сөз тіркесі, сөйлем қандай да болсын белгілі бір мағынаны, ұғымды, ойды білдіреді. Ұғым мен ой тілдік бірліктердің мазмұны болып табылады.

Тілдік форма мен мазмұнның арасындағы байланыс, яғни сөз бен мағынаның арасындағы байланыс - табиғи байланыс емес, ол шартты байланыс. Мысалы, "ұннан иленіп, тапаға пісірілген тағам" деген заттық ұғым мен оның лексикалық атауы **нан** деген сөздің арасындағы байланыс - табиғи байланыс болса, дүние жүзі халықтарының бәрі оны **нан** деп атаған болар еді. Жоқ, олай емес, оны біреу - нан, екіншілер - хлеб, үшіншілер - buter деп атайды. Олай болса, олардың арасындағы байланыс - кейіннен қалыптасқан шартты байланыс екен.

Адам ойын сөйлеп, не жазып білдіреді. Кім айқын ойласа, ол айқын, түсінікті сөйлей алады. Болмаса, керісінше, кім айқын, анық сөйлей ал-

са, ол айқын, анық ойлай алады. Өйткені тілдің көмегінсіз, сөйлеусіз ойлау болмайды.

Бұған қарап, тіл мен ойлау тепе-тең, бірдей нәрсе деп ұғып қалуға болмайды. Неміс ғалымы В.Гумбольдт солай деп ұққан. Ол әр түрлі тілдердің болуы әр түрлі ойлаудың нәтижесі, - деп есептеді. Бұл мүлде қате тұжырым болатын.

"Тіл мен ойлау тепе-тең" деп қателесушілер сияқты,"тіл мен ойлаудың арасында ешқандай байланыс жоқ, олар бір-бірінен мүлде бөлек" деп, қате тұжырымдаушылар да жоқ емес. Мәселен, американдық ғалымдар Л.Блумфилд пен З.Харис осылай дейді. Алдыңғы пікір қаншалықты қате болса, соңғы пікір де соншалықты қате.

Сонымен, тіл мен ойлаудың арасына тепе-теңдік белгісін қойып теңестіру де, ол екеуінің бірлігін жоққа шығарып, бірінен-бірін бөліп тастау да ешбір ғылыми негізі жоқ қате көзқарастар болып саналады.

Тіл мен ойлау әрдайым бірлікте болады. Ойлау тілдегі сөздер мен сөйлемдердің негізінде іске асады, солар арқылы басқаларға белгілі болады. Басқаның ойын да тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы түсіне аламыз.

Үшінші дәріс

ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ,ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІЛІК СИПАТТАРЫ

1. Тілдің таңбалық сипаты

Тілдің таңбалық сипаты оның негізгі ерекшеліліктерінің бірі болып саналады. Лингвистер бұл мәселеге ертеден бері-ақ назар аударып келеді. Фердинанд де Соссюр өзінің "Жалпы тіл білімі курсы" атты еңбегінде

(1916) тілді таңбалар жүйесі деп қарастырған және оны таңбалардың басқа жүйелерімен салыстырған.

Таңбалар жүйесінің мынандай түрлері бар: жол бойының белгілері, әскери сигналдар, цифрлар (араб және рим), әріптер т.б. Бұларды шартты таңбалар деп атайды.

Тіл осы таңбалардың ішіндегі өте-мөте маңыздысы. Ендеше, тілді, оның элементтерін де (морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді) таңба дейміз. Мұның негізгі мәселесі - таңба мен мағынаның байланысы.

Тілдің немесе тілдік бірліктердің таңбалық сипатына не жатады?

Біріншіден, тілдік бірліктер (сөздер) нені білдірсе де жалпылап білдіреді, екіншіден, сол білдірген (танытқан) нәрсесін тіркейді және оны сақтайды, сөйтіп оны келешек ұрпаққа жеткізеді. Яғни тілдің таңбалық сипатына тілдік бірліктердің үш түрлі қызметі жатады. Олар: 1) атауыштық (затқа ат қою: белгілеу, тіркеу - номинативті) қызметі, 2) коммуникативтік (бір нәрсені хабарлау, пікір алысу) қызметі, 3) эстетикалық (сезімге әсер ету, әсірелеу, экспрессивтік, эмоциялдық) қызметі.

Кез келген таңбаның екі жағы болады: бірінші жағы - формасы, екінші жағы - мазмұны. Мысалы, көшедегі бағдаршамның (светофордың) жасыл түсі сол таңбаның формасы, ал "көшеден өтуге рұқсат" деген мағынасы оның мазмұны. Тілдік таңбалардың да (бірліктердің де) дәл осындай екі жағы болады. Мысалы, - **лар**, - **жер**... Бұл формалар мен мазмұндар тек сол таңбалар жүйесінде ғана мәнге ие бола алады; ол жүйеден тыс әлгіндей мағыналарды білдіре алмайды. Айталық, қазақ тілінің түбір морфемасы (бала) немесе аффикстік морфемасы (лар) орыс тілінің, болмаса басқа бір тілдің жүйесінде ешқандай мәнге ие бола алмайды. Сондықтан да, біз қазақ тілінің жүйесі, орыс тілінің жүйесі деген терминдерді жиі қолданамыз.

Шартты таңбалар мен тілдік таңбалардың айырмашылықтары бар. Егер

шартты таңбаның бір формасына әдетте бір ғана мазмұн сәйкес келсе, тілдік таңба әр уақыт солай бола бермейді. Кейде тілдік таңбаның бір формасына бірнеше мазмұн (мағына) сәйкес келуі мүмкін, болмаса керісінше.

Мұны былайша көрсетуге болады: бір форма > бірнеше мазмұн (көп мағыналық, омонимия) немесе бірнеше форма > бір мазмұн (синонимия, дублет, вариант).

Тілдік таңбаның түрлері (типтері): фонемалар, грамматикалық морфемалар, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер.

Тілдік таңбаның белгілері: 1) еріктілік, 2) шарттылық.

Еріктілік, шарттылық дегеніміз - таңба мен сол таңба арқылы белгіленген заттың немесе ұғымның арасында ешқандай табиғи байланыстың жоқтығы. Сондықтан да, бір зат әр тілде әр түрлі сөздермен (әр басқа дыбыстық кешенмен) аталынады (белгіленеді). Ол зат пен оның атауының арасында шартты түрде ғана (табиғи емес) байланыс болады.

Енді тілдік таңба мен шартты таңбалардың арасындағы айырмашылықтарға келелік. Бұлардың арасында ұқсастық бар, сонымен бірге, оларды бірдей деп есептеуге болмайды. Ұқсастығы: екеуінде де форма мен мазмұн бар, екеуі де - бірдеме жайында "хабарлаудың" құралы. Ал айырмашылықтары:

1) Тіл - ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Басқа шартты таңбалардың қолдану өрісі тілге қарағанда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз.Мысалы, бағдаршамның қызыл түсі "көшеден өтуге болмайды" дегеннен басқа еш нәрсе хабарлай алмаса, тіліміздегі "қызыл" деген сөз бірнеше мағына береді, біріншi - түстің атауын, екінші - **ет** немесе **бидай** деген ұғымды, үшінші - **большевик** дегенді, төртінші - **қылша**, **қызылша** (корь) деген ауруды білдіреді.

2) Тілдің көптеген басқа таңбалардан екінші айырмашылығы - ол

(тіл) мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге, адамның хабарлайтын жайға қатысатын, қалай қарайтынын, ұнатуын немесе ұнатпауын, қуанышын немесе қайғысын да білдіреді. Мысалы, жоғарыда аталған қызыл сөзінің "ет" немесе "бидай" деген мағынасы жағымды сезімімізді тудырса, ал ауруды еске салып тұрған "балама қызыл шығып жатыр" деген төртінші мағынасы - аяныш сезімін тудырады. Ол сөздің "большевик" деген мағынасы да дәл сондай. Ол бұрын жағымды мағына туғызса, қазір жағымсыз мағына туғызады. Мұндай қасиет таңбалардың басқа жүйелерінде (мысалы, жол белгілерінде) жоқ.

3) Тілден басқа барлық таңбалар жүйесі келісім бойынша қолдан жасалады, келісім бойынша өзгертіле алады. Мысал үшін қазақ тіліндегі ұ дыбысын келтірелік. Ол дыбысты біз араб әліпбиін (алфавитін) пайдаланып жүрген кезде 9' әрпімен белгілеген едік. Кейін, яғни 1929 жылы латын әліпбиіне көшкенде оны u әрпімен таңбаладық. 1940 жылы орыс графикасына (кириллицаға) көшкен кезде әлгі дыбысты ў әрпімен белгілеуге келістік. 1951 жылы аталған дыбысты (тағы да келісім бойынша) ұ әрпімен таңбалауды жөн санадық.

Ал тілдік таңбалар қоғам мүшелерінің еркіне бағынышты емес. Мысалы, балта деген сөзді адамдар келісіп жасаған жоқ. Тым ерте замандарда ата-бабаларымыз оны солай атаған. Әрбір жаңа ұрпақ қалыптасқан сөзді сол күйінде қабылдайды, сол күйінде үйреніп алады. Ол ешқашан өзгермейді. Егер өзгере қалса келісім бойынша емес, тілдің даму заңдары бойынша ғана өзгереді.

4) Барлық шартты таңбалар сайып келгенде дыбыстық тілге негізделеді, олардың мағыналары тіл арқылы айқындалады, тіл арқылы түсінікті болады. Мысалы, бағдаршамның қызыл түсін тіл арқылы: "бұл - өтуге болмайды деген белгі" деп түсіндірмесек, қызыл шам өздігінен еш нәрсені білдіре алмаған болар еді.

Сонымен, тілдік таңбалардың қызметі, мәні зор екен; оның аукымы

кең. Басқа (шартты) таңбалар тілдің қызметін атқара алмайды.

2. Тілдің құрылымдық және жүйелілік сипаты

Тіл - белгілі құрылымы және қызметі бар, бір тұтас жүйелі құбылыс. Яғни тілге құрылымдық (структура), жүйелілік (система) және қызмет (функция) деген үш түрлі қасиет тән. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән, нақтылы мазмұны болады. Тілдің қызметі туралы жоғарыда айттық. Енді құрылым мен жүйе дегендерге келелік.

Құрылым деп, әдетте, бүтін нәрсенің элементтерінің арасындағы қатынастардың схемасын айтады.

Ол бүтіннің әр тектес элементтерінің ара қатынасынан және бірлігінен тұрады. Элементтер яғни тілдік бірліктер мыналар: 1) дыбыс (фонема), 2) морфема, 3) сөз, 4) сөз тіркесі, 5) сөйлем.

Дыбыстар (фонемалар) - есту мүшелері арқылы қабылданады, бір морфеманы екінші морфемадан, бір сөзді екінші сөзден ажыратады. Мысалы, **т,д** дыбыстары **тән, дән** деген сөздерді бір-бірінен ажыратып тұр.

Морфема - дыбыстар мен мағынаның бірлігінен тұратын ең кіші тілдік элемент. Морфеманың түбір морфема (красн + ый, бұл+ін), аффистік морфема (жылқы + шы, бала + лық; ағаш +тың бұтағ + ы) деген түрлері бар. Бұлардың әрқайсысының білдіретін мағыналары болады. Мысалы, заттық мағына, сөз тудырушы мағына, сөз түрлендіруші мағына (яғни сөздердің байланысын, бір-біріне қатынасын білдіретін мағына). Морфема бір ғана фонемадан да құралуы мүмкін. Мысалы: бар+са+м, бар+са+ң.

Сөздер заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні, іс-әрекет пен қимылды атайды, солардың атаулары ретінде қызмет атқарады. Сөздің бұл

қызметін - номинативті (атау болу) қызмет деп атайды.

Сөйлем ойды, байымдауды білдіреді, бір нәрсені хабарлау қызметін атқарады. Сөз номинативтік қызмет атқарса, сөйлем коммуникативтік (пікір алысу, сөйлесу) қызмет атқарады. Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін сөйлемдер арқылы іске асырады.

Тілдік құрылымның әрбір саласы (деңгейі - уровень), мысалы, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік салаларының әрқайсысының өз жүйесі болады. Әрбір жүйенің, мәселен, фонетика жүйесінің барлық элементтері сол жүйенің мүшелері ретінде қызмет етеді.

Ал жүйе дегеніміз - өзара байланысты бір тектес элементтердің бірлігі. Ол заттық негіз (материя, субстанция), құрылым және қызмет деген үш ұғымның ұштасып келуінен, олардың бірлігінен және өзара қатынасынан құралады. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни жүйе - рет-ретімен ұйымдаса орналасқан бір тұтас құбылыс. Жүйе материя мен құрылымның бірігуі, қосылуы түрінде өмір сүреді және белгілі бір қызмет атқарады.

Сондай-ақ, жүйе дегенді өзіне тән айырықша құрылымы бар кіші жүйелердің жиынтығы деп те айтуға болады. Тіл құрылымының жеке салаларының жүйелері бір-бірімен қарым-қатынасында, өзара байланысында тілдің жалпы жүйесін құрайды.

Тілдің жүйелілік сипаты оның барлық саласынан (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) көрінеді. Мысалы, кез келген тілдің фонетикасында "дауысты дыбыстардың жүйесі", "дауыссыз дыбыстардың жүйесі" деген тақырыптар бар. Ол, әрине, тегін емес. Дауыстылар жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң болып бөлінеді. Бұлай жұп-жұбымен және бір-біріне қарама-қарсы қойылып топтасуы тілдің дыбыстық жағында белгілі бір жүйе бар екендігінің белгісі.

Дыбыстар бір белгісі бойынша бір-біріне қарама-қарсы қойылса, екінші белгісі бойынша бір тектес болып келеді. Мысалы: **ы** мен **і** дыбыс-

тары тілдің қатысы жағынан бір-біріне қарама-қарсы дыбыстар (ы - жуан, і - жіңішке), ал еріннің қатысы жағынан олар бір тектес дыбыстар (екеуі де езулік). Бұл сияқты жүйелілік дауысыз дыбыстарда да бар. Мысалы, П мен Б дыбыстары дауыс қатысы жағынан бір-біріне қарама-қарсы (П - қатаң, Б - ұяң), ал жасалу орны жағынан бір тектес дыбыстар (ерін дауыстары).

Жүйенің бір элементі өзі тектес екінші элементтің болуын аңғартады. Мысалы, септеудің жүйесі кемінде екі септеудің, жіктелудің жүйесі кемінде екі жақтың (1-жақ, 2-жақ) болуын керек етеді. Егер олар бір-бірден болса, онда олар жүйе құрай алмаған болар еді.

Әрбір сөз өзінше өзгеріп, өзінше түрленбейді. Олардың өзгеруі мен түрленуінің белгілі бір жүйесі, белгілі бір формалары болады. Ондай жүйелер мен формалар бір сөзді ғана емес, белгілі бір топқа енетін сөздердің күллісін қамтиды. Мысалы зат есімдердің септелуін алалық. Тек зат есімдер ғана септеледі және белгілі бір формула бойынша ғана септеледі. Бұлар зат есімнің барлығына тән. Осылай болғандықтан ғана біз септелу жүйесі туралы сөз ете аламыз. Егер зат есімдердің әрқайсысы өзінше септелсе, онда сөздердің септелуін біліп алу да, оқып үйрену де мүмкін болмас еді.

Жүйелілік қасиет тілдің синтаксис саласынан да айқын көрінеді. Сөздердің сөйлемдегі тіркесуі белгілі бір тәсілдер (формалар) арқылы іске асады. Тіл-тілде сөздердің тіркесуінің қиысу, қабысу, матасу, меңгеру, жанасу деп аталатын тәсілдері бар. Бұл тәсілдер бірлі-жарым сөздерді ғана емес, тіркесуші сөздердің белгілі бір тобын түгелдей қамтиды. Сөйтіп, сөздердің байланысу тәсілдерінің жүйесін құрайды.

Сондай-ақ, тілдің әр түрлі салалары (деңгейлері) және олардың элементтері өз-ара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мысалға, **терезе** деген сөзді алалық. Ол **т,е,р,е,з,е** деген дыбыстардың тіркесімен айтылған (бұл фонетикалық жағы); аталған сөз - зат есім, бұл оның грам-

матикалық мағынасы; ол сөздің өзіндік мағынасы болады, бұл оның лексикалық жағы. Демек, әрбір сөзде тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жақтары (салалары) ұштасып келеді.

Септік категориясы, негізінен алғанда, морфологиялық категория. Дегенмен, оның синтаксистік жағын мойындамау дұрыс болмаған болар еді. Септіктер сөздерді бір-бірімен байланыстырып, синтаксистік қызмет атқарады.

Сонымен, тілде жүйелілік қасиет бар. Сондықтан да,біз оны оқып үйрене аламыз. Оқу, үйрену, сайып келгенде, тілдік жүйелерді оқып үйрену, оларды меңгеру болып шығады.

3. Синхрония және диахрония

Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын және оның өзгеруі мен дамуын зерттейді. Әрине, бұл екеуі бір нәрсе емес. Тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын, құрылымын, жүйесін зерттеуді - синхрондық тіл білімі, ал тілдің тарихи өзгеруі мен дамуын зерттеуді - диахрондық тіл білімі деп атайды. Басқаша айтқанда, тілдің өмір сүріп тұрған кезіндегі қалпына сипаттама беру арқылы зерттелсе, оны тарихи тіл білімі деп атауға болады.

Жоғарыда аталған синхрония деген термин тілдегі құбылыстардың белгілі бір дәуірдегі қалпын, яғни Ф. де Соссюрдің сөзімен айтқанда, оның "бір мезгілдік" (одновременность) күйін қарастыру дегенді білдірсе, диахрония деген әр түрлі кезде бірінен кейін бірі болатын (разновременность) тілдік құбылыстарды қарастыру дегенді білдіреді. Синхрония бойынша, бір мезгілде қатар өмір сүріп тұрған тілдік құбылыстардың арасындағы қатынастар қарастырылады да, диахрония бойынша әлгі тілдік құбылыстардың тарих (уақыт) бойындағы өзгерістері қарастырылады.

Ф.де Соссюр синхронияны жүйемен байланыстырады да, диахронияны жүйеден тыс деп біледі. Оның пікірінше, синхрондық тіл білімі тілде жүйелі құбылыс ретінде, яғни тілдегі құбылыстарды бір-бірімен байланысында, бірақ дамудан тыс қарастырған жөн екен, ал диахрондық тіл білімі тілдегі құбылыстарды даму тұрғысынан, бірақ өзара байланыстан тыс, яғни тілдік элементтерді бір-бірінен ажыратып, бөлек зерттеген орынды сияқты. Сайып келгенде, бұл синхрония мен диахронияны бір-біріне қарама-қарсы қою деген сөз. Әрине, мұндай пікір дұрыс болып табылмайды. Өйткені диалектикалық материализм әрбір құбылысты шығуы мен дамуы және басқа құбылыстармен байланысында зерттегенде ғана оның табиғатын жете түсінуге болады деп үйретеді. Олай болса, тілді зерттегенде ондағы құбылыстарды синхрониялық тұрғыдан да, диахрониялық тұрғыдан да қарастыру дұрыс және ол өте-мөте қажет. Себебі тілді ғылыми тұрғыдан тану үшін, оны тарихи тұрғыдан да, сипаттамалы тұрғыдан да зерттеудің мәні өте зор. Мұндай екі жақты зерттеу болмаған жерде тіл білімінің толық мағынасында ғылым болуы мүмкін емес. Мысалы, қазақ тіліндегі **сарғай** деген етістіктің құрамына талдау жасау керек болды делік. Ол үшін мәселеге алдымен тарихи тұрғыдан қарау керек. Егер оған тарихи тұрғыдан қарасақ, бұл сөздің түбірін - **сары**, қосымшасын - **ғай** деуге болмайды. Оның түбірі - **сары** емес, **сарығ**. Ал жұрнағы - **ғай** емес, **-ай** (**азай**, **көбей** дегендердегі **-ай**, **-ей**).

Бұдан шығатын қорытынды: тілдің жүйесі (синхрония) тілдің тарихына (диахрония) тәуелді, яғни тіл жүйесі әрқашан оның тарихымен байланыста болады. Ендеше, тілдің жүйесін түсіну үшін тіл тарихының маңызы зор екен. Керісінше, тілдің тарихи дамуын жақсы ұғыну үшін, оның жүйелілік қасиетімен есептеспеске болмайды. Тілдегі болып жатқан өзгерістер мен дамулар оның жүйесін өзгертпейді, тек ондағы (тіл жүйесіндегі) қатынастардың түрін ғана ауыстыруы мүмкін.

Сонымен, тіл, тілдік құрылым уақыт озған сайын дамып, жетіліп

отырады. Сондықтан да, оны зерттегенде оған тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан (статикалық тұрғыдан) қарау жеткіліксіз. Бұған қоса тілге оның шығу тегі, дамуы тұрғысынан да (динамикалық тұрғыдан) қарау қажет. Демек, тілді зерттеуде ғалымдардың, біріншіден, оны құрастырушы элементтердің байланысы тұрғысынан, екіншіден, олардың шығуы, тарихи дамуы, өзгеруі тұрғысынан қарастырғаны жөн.

1 - Модуль бойынша тест сұрақтары:

1. "Тіл біліміне кіріспе" пәнінің мақсаты мен міндеті не?
2. Тіл білімі нені зерттейді?
3. Тіл білімінің нысаны (объектісі) не?
4. Тіл білімінің салаларына не жатады?
5. Жеке тіл білімі мен жалпы тіл білімінің қандай айырмашылықтары бар?
6. Тіл білімі қандай ғылымдармен байланысты?
7. Тіл білімінің теориялық мәні неде?
8. Тіл білімінің практикалық мәні неде?
9. Тіл қандай құбылыс?
10. Тілге қандай қасиеттер тән?
11. Тілдің қоғамдық қызметіне нелер жатады?
12. Тіл қандай қоғамға қызмет етеді?
13. Тілге тән қандай сипаттарды білесің?
14. Тіл мен ойлаудың бірлігі неде?
15. Тіл мен ойлаудың айырмашылығы неде?
16. Таным процесіндегі тілдің атқаратын рөлі қандай?
17. Таңбалар жүйесінің қандай түрлерін білесің?
18. Шартты таңбаларға қандай қасиеттер тән?
19. Тілдік таңбаға қандай қасиеттер тән?

20. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың ұқсастықтары неде?
21. Тілдік таңба мен шартты таңбалардың айырмашылықтары неде?
22. Тілдің құрылымдық сипаты дегеніміз не?
23. Тілдің жүйелілік сипаты дегеніміз не?
24. Тілдің құрылымдық және жүйелілік сипаттарының айырмашылықтары неде?
25. Синхрония мен диахронияның айырмашылығы неде?
26. Тілдік бірліктерге (элементтерге) нелер жатады?

Төртінші дәріс

СӨЗДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

(грамматикалық мәселелер)

Сөздер өзара байланыспай, бір-бірімен тіркеспей тұрғанда ойды білдіре алмайды. Егер олар сөйлем ішінде бір-бірімен байланысса, онда ойды білдіре алады. Сөздердің бір-бірімен байланысуы, тіркесуі грамматика арқылы іске асады.

Грамматика, ең алдымен, сөздердің бір-бірімен қатынасын білдіреді. Ол қатынас - грамматикалық қатынас. Яғни сөйлемдегі сөздер грамматикалық формалар (жұрнақтар, жалғаулар) арқылы бір-бірімен байланысып, грамматикалық қатынасқа түседі. Сөйтіп, грамматика ойды түсінікті етеді.

Грамматиканың екі саласы бар: морфология және синтаксис. Морфология - сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфема мен оның түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары, сөз таптары туралы ілім. Ал синтаксис - сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөздердің сөйлемдегі тіркесімі туралы ілім.

Сөздің морфологиялық құрылымына талдау жасау үшін, ең алдымен негізгі морфологиялық ұғымдарды біліп алуымыз керек. Ол ұғымдар: морфема, түбір морфема, аффикстік морфема, - дегендер.

Морфема дегеніміз - сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық бірлігі. Морфема түбір морфема, аффикстік морфема болып екіге бөлінеді. Мысалы, **оның анасы кім?** дегендегі ана+сы сөзінде екі морфема бар. **Ана** - түбір морфема, - **сы** (тәуелдік жалғауы) - аффикстік морфема. **Оның** деген сөз де солай: **О** - түбір, морфема, -**ның** - аффикстік морфема.

Морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан әр түрлі. Морфемалардың ішінде негізгі лексикалық мағынаны білдіретіндері де, грамматикалық мағынаны білдіретіндері де бар. Мысалы, **үйшіктерге** сөзінің құрамында төрт морфема бар. Оның біріншісі - **үй**, ол заттық мағынаны білдіреді; екіншісі - **шік**, бұл кішірейткіш мағынаны білдіреді, үшіншісі - **тер**, көптік мағынаны білдіреді, төртіншісі - **ге** бағыт мағынасын білдіреді. Бұлардың ішіндегі **үй** морфемасы түбір сөз болғандықтан ол заттық,лексикалық мағынаны, ал қалғандары аффикстік морфемалар болғандықтан грамматикалық мағыналарды білдіріп тұр. Лексикалық мағынаны білдіретін морфема түбір морфема немесе негізгі морфема деп аталады да, грамматикалық мағыналарды білдіретін морфемалар аффикстік морфема немесе көмекші морфемалар деп аталады.

Әр түрлі тілдердегі түбір морфема мен аффикстік морфемалардың табиғаты әр түрлі болып келеді. Мысалы үшін қазақ тілі мен орыс тілін салыстырып көрелік. Қазақ тіліндегі **жазу, жазба, жазылған** деген сөздерді орыс тіліндегі **писать, письмо, записка, перепись** деген сөздермен салыстырсақ, қазақ сөздерінің түбірі - **жаз**, ал орысша сөздердің түбірі - **пис**. **Жаз** түбірі өздігінен жеке, дербес сөз ретінде қолданыла алады, ал орыс тіліндегі **пис** түбірі өздігінен дербес қолданыла алмай, сөз құрамында ғана (писать, писание, письменный) қолданылады. Оның үстіне

пис түбірі тек заттық мағынаны ғана білдірсе, **жаз** түбірі әрі заттық мағынаны (жазу ісі), әрі лексикалық мағынаны, әрі грамматикалық мағынаны (етістіктің бұйрық райы, екінші жақ) білдіреді. **Пис** деген сияқты орыс тіліндегі дербес қолданыла алмайтын түпкі түбірлерді тіл білімінде "өлі түбірлер" деп атайды. Жоғарыда айтылғандарға қарап, қазақ тілінде өлі түбірлер мүлде жоқ екен деген қорытынды шықпауға тиісті. Мысалы, **бүлік, бүлін, бүлдір** деген сөздерді бір-бірімен салыстырсақ, олардың өлі түбірі **бүл-** деген де, ал **-ік, -ін, -дір** дегендер сөз тудыратын аффикстер. **Семіз, семір** сөздерінің өлі түбірі - **сем**; **жақ, жан** сөздерінің өлі түбірі - **жа. Тырдай, жұрдай, нарттай** сөздерінің аффикстері - **дай** да, ал олардың өлі түбірлері - **тыр, жұр, нарт.**

Бұлардың өлі түбір болатын себебі - олар өздеріне тиісті қосымшаларынсыз жеке тұрып қолданыла алмайды. Тек қосымшаларымен бірге алынғанда ғана олар сөз ретінде ұғынылады. Біз бұл жерде тарихи тұрғыдан алғанда ғана олар түбір бола алатындықтан айтып отырмыз. Әйтпесе бұлар қазақ тіл білімінде қосымшалармен бірге бір сөз ретінде қабылданып кеткен. Сондықтан да, қазақ тіліндегі түбір мағынасы мен формасы жағынан түбір ретінде де, түбір сөз ретінде де бір-бірімен сәйкес келе береді. Бұл жердегі "түбір" деген мен "түбір сөз" деген бір емес. Мәселен, орыс тіліндегі **пис** морфемасы - түбір, ал **писать** - түбір сөз. Қазақ тіліндегі **жаз** морфемасы - әрі түбір, әрі түбір сөз. Өйткені, **пис** морфемасы дербес қолданыла алмаса, **жаз** түбірі дербес сөз ретінде қолданыла береді. Қазақ тіліндегі бұл қасиет түркі тілдері мен ағылшын тіліне де тән.

Жоғарыда біз "**пис** түбірі тек заттық мағынаны ғана білдіреді " дегенді айттық. Орыс тіліндегі кейбір түбірлер (негізгі морфемалар) лексикалық мағынаны да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда заттық мағынаны білдіретін түбір лексикалық мағынаны білдіретін сөз ретінде қолданылады да, заттық мағына мен лексикалық мағына бір-бірімен астасып,

қабаттасып кетеді. Мысалы, орыс тіліндегі бег (бежать), дар (дарить), дом (домик) дегендер - пис түбірі сияқты түбір морфемалар. Солай бола тұрса да, бұлар лексикалық мағыналары бар дербес сөздер ретінде де қолданылады. Демек, орыс тілінде түбір (корень) деген ұғым өз алдына дербестігі жоқ пис- (писать), веж- (вежливый) тәрізді түбірлерді де, өз алдына дербестігін сақтаған **бег, дар, дом** тәрізді түбір сөздерді де (пис-, веж- дегендер сөздер емес, олар тек түбірлер) қамтиды. Ал қазақ тілінде пис-, веж- сияқты түбірлер жоқ, онда **оқы, жаз, бүлін** деген тәрізді түбір сөздер бар.

Енді түбір мен негіз деген терминдердің мән-мағынасына келелік.

Түбір (корень) деп - сөздің ешбір жұрнақсыз-ақ, заттық (кейде лексикалық) мағына бере алатын, ары қарай бөлшектеуге келмейтін түп бөлшегін айтамыз. Мысалы, письмо, писать, выписка, опись сөздеріндегі пис- морфемасы немесе столик, столовая, настольный, застольный сөздеріндегі **стол-** морфемасы түбір болып саналады.

Негіз (основа) деп - сөздің ешбір жалғаусыз өз алдына тұрып, лексикалық мағына бере алатын, өзгермейтін, түрленбейтін негізгі бөлшегі. Негіз әдетте түбірден де, түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалынады. Яғни, түбір сөз де, туынды сөз де негіз бола алады. Осыған орай олар түбір негіз, туынды негіз деп те аталына береді. Мысалы: дом, холод, один, завтра, комнат+а, бел+ый, смотре+ть - бұлар түбір негіздер; на-**домн**+ый, **комнатушк**+а, **холод**новат+ый, **побелевш**+ий, **посмотре**+ть - бұлар туынды негіздер. Болмаса қазақ тіліндегі **егіншіліктің** деген сөзді талдап көрелік. Мұның түбірі (түбір негізі) - **ек**, бірінші туынды негізі - егін, екінші туынды негізі - егінші, үшіншісі туынды негізі - егіншілік; ал -**тің** - аффикстік (көмекші) морфема.

Түбір әр түрлі сөз таптарына ортақ морфема ретінде қызмет ете алады. Мысалы, **бас** түбірі бастық, басшы, басшылық, баспа, баспалдақ деген зат есімдердің де, басты, бассыз деген сын есімдердің де, баста,

басқар, бастап деген етістіктердің де түбірі болып саналады.

Негіз белгілі бір сөз табына жататын әр түрлі формаларға ортақ морфема ретінде қызмет етеді. Мысалы, басқар+ып, басқар+ғалы, басқар+ған, басқар+ар, басқар+атын дегендердің бәрі етістіктер. Бұлардың ортақ негізі (основа) - **басқар** морфемасы. Дәл осылар сияқты бастықтар, бастыққа, бастықтан, бастығың деген зат есім формаларының ортақ негізі - бастық сөзі.

Аталған мысалдардан байқалатын бір нәрсе - орыс тіліндегі көптеген негіздердің құрамында олардың қай сөз табына тән екендіктерін аңғартатындай грамматикалық көрсеткіштер (аффикстер) болады. Мысалы: комнат+а, комнатушк+а - бұлар зат есімдер; бел+ый, побелевш+ий - бұлар сын есімдер; смотре+ть, посмотре+ть - бұлар етістіктер. Егер осы сөздердің құрамындағы -а, -ый/ий, -ть грамматикалық көрсеткіштерін негіздерден бөліп алсақ, онда ол негіздер өздігінен дербес қолданыла алмайды. Ал қазақ тіліндегі негіздердің құрамында ол сөздердің қай сөз табына қатысты екендігін аңғартатындай грамматикалық көрсеткіштердің болуы шарт емес. Мысалы: **бас** -1) зат есім, 2)етістік; **ақ** - 1) сын есім, 2) етістік. Соған қарамастан бұл түбір негіздер (бас,ақ) дербес сөз ретінде жеке қолданыла береді.

Бұл құбылыс жалғыз қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тілдері мен ағылшын тілінде де солай. Оны мына салыстырудан көруге болады: книг+а - кітап - book; больш+ой - үлкен - biq; счит+ать - оқы - connt. Мұндағы орыс сөздері екі морфемадан - түбір және аффикстік морфемадан, ал қазақ, ағылшын тілдеріндегі балама сөздер бір ғана түбір морфемалардан құралған.

Түбір (негізгі) морфемаларда дербестік бар. Олар дербес сөз ретінде қолданыла алады. Ал аффикстік морфемаларда мұндай дербестік болмайды. Олар әрқашан сөз құрамында ғана қолданылады және сөзден тыс ешқандай мағына білдіре алмайды.

Түбір морфема мен аффикстік морфемалардың тағы бір айырмашылығы - егер аффикстік морфемалар сөздердің белгілі бір тобының (мысалы, зат есімнің немесе сын есімнің) құрамында ғана қолданылса, түбір морфемалар бір емес, әр басқа сөз табына қатысты сөздердің құрамында ұшыраса береді. Мысалы, **білімнен** деген сөздің құрамындағы **-ім** және **-нен** аффикстік морфемалары сөздердің зат есім деп аталатын тобында ғана ұшырасса, **біл** деген түбір морфема сөздердің зат есім (мысалы: білім) деп аталатын тобында ғана емес, сонымен бірге, етістіктер тобында да (білдіру, біліну, білісу), сын есімдер тобында да (білгіш, білімді) ұшыраса береді. Бір сөзбен айтқанда, аффикстік морфемалар белгілі бір сөз табына ғана телулі болады.

Аффикстік морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан түрліше болып келеді. Олардың ішінде түбір морфемаға жалғанып, ол түбірдің мағынасын нақтылай, саралай түсетін аффикстер бар. Ол аффикстің атын - жұрнақ деп атайды. Мысалы, **көлшік** деген сөздің құрамындағы **-шік** жұрнағы заттық ұғымды білдіретін көл деген түбірге жалғанып, оның мағынасын (кішкентай ғана көл, көл сияқты су) нақтылап тұр.

Сондай-ақ, түбір морфемаға жалғанып, бір сөзді екінші сөзбен байланыстыратын, олардың өз ара қарым-қатынасын ғана білдіретін аффикстер бар. Олардың атын - жалғау деп атайды. Мысалы, **көлдің жағасы** дегендегі **-дің** мен **-і** аффикстері сөз тудырып тұрған жоқ, **көл, жаға** деген сөздерді байланыстырып тұр.

Түбір морфемадан сөз тудыратын аффикстерді - сөз тудырушы аффикстер дейміз. Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы деривациялық мағына деп аталады. Сөз бен сөзді байланыстырып, олардың бір-біріне қатынасын білдіретін аффикстер - сөз түрлендіруші аффикстер, ал олардың грамматикалық мағыналары реляциялық мағына деп аталады.

Сөйтіп, аффикстер (аффикстік морфемалар) екі үлкен топқа бөлінеді екен. Олар: жұрнақ және жалғау. Жұрнақ - сөз тудырады, ал жалғау

(окончание немесе флекция) - сөз түрлендіреді.

Әрбір жеке тілде олардың грамматикалық құрылысының ерекшіліктеріне қарай жұрнақ үш түрге жіктелінеді. Олар:1) префикс (приставка), 2) инфикс, 3) суффикс (постфикс).

Префикс түбірдің алдына қосылады. Мысалы: в+ход+ить - ис+ход+ить - находить - походить - сходить - уходить, со+труд+ник/ница/, пре+по+дава+тель+ница. Инфикс түбірдің ішіне қыстырылады. Бұл латын тілінде бар, орыс тілінде жоқ. Ал суффикс түбірден соң жалғанады. Мысалы: бала+лық, жылқы+шы, работ+ник, учи+тель, дом+ик.

Орыс тілінде префикс пен суффикс бар. Қазақ тіліндегі жұрнақ орыс тіліндегі суффикске сәйкес келеді де, түбірден соң жалғанады.

Түркі тілдерінде орыс тіліндегі тәріздi префикстер жоқ. Түркі тілдерінің бірі - қазақ тіліндегі **беймаза, бейтаныс, бейуақ, бейхабар, наразы, намақұл** деген сөздердің құрамындағы **бей-**, **на-** морфемаларының префикс екендігі рас. Бірақ ол қазақ тілінде префикс ретінде қызмет атқара алмайды. **Бей-** , **на-** префикстері иран тілдерінен енген сөздердің құрамында ғана қолданылып, сол сөздермен бірге келген, бөлшектенбейтін бір тұтас тұлға (форма) ретінде ұғынылады.

Жалғаулардың жұрнақтардан айырмашылығы - жұрнақтар сөз тудырса, жалғаулар - форма тудырады. Сөз тудырушы жұрнақ жалғанған сөзіне жаңа мағына үстеп, туынды сөз жасайды. Жасалған туынды сөздердің әрқайсысы дербес лексикалық бірлікке (сөзге) айналып, бөлек сөз ретінде қаралады. Мысалы, **су** деген түбірге жұрнақ жалғасақ, су+лы, су+лық, су+ла, су+лан+дыр+у деген туынды сөздер жасалады. Бұлардың мағыналары әр басқа. Ал сол **су** деген түбірге жалғау жалғасақ, су+ға, су+ым, су+лар деген сөз формалары жасалады. Бұлардың лексикалық мағынасы бір-еу ғана, ал формалары - әр түрлі. Оларда тек грамматикалық мағыналар бар. Айталық, **суға** дегенде септік мағына, **суым** дегенде тәуелділік мағына, ал **сулар** дегенде көптік мағына танылады.

Ескерте кететін нерсе: - жалғаулар әр уақыт тек грамматикалық мағына туғызады десек, біз қателесеміз. Кейде оның жұрнақтың орнына жұмсалып, лексикалық мағына да туғызатын кездері болады. Мысалы, босқа, текке, бекерге, кешке деген сөздерді бос+қа, тек+ке, бекер+ге, кеш+ке деп, түбір және аффикстік морфемаларға жіктеуге болады. Мұндағы **-қа/ке, -ға/ге** аффикстері барыс септік жалғауы екендігі ақиқат. Бірақ олар бұл жерде сөз түрлендіруші қызметінен айырылып, сөз тудырушы қызметке ауысқан. Сөйтіп, олар өзі жалғанған сөздерді үстеулерге айналдырған. Тіліміздегі жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары да дәл осындай қызмет атқара алады. Мысалы: баяғыда, күнде, әуелден, кенеттен, тетесінен, ретімен, кезекпен т.б.

Қазақ тілінде **-у** жалғауы жалғанған кейбір етістіктер тұйық етістік формасынан зат есімдерге айналған. Мысалы: жабу, егеу, кесеу, қашау, бояу т.б. Бұлардың құрамындағы **-у** морфемасы о баста форма тудырушы (тұйық етістік формасын) қосымша болған. Қазір ол форма тудырушы емес, сөз тудырушы жұрнақ ретінде танылып жүр. Шындығында да солай. Ол тұйық етістіктің жалғауы бола тұрып, зат есім, сын есім (бітеу, түзу) тудыратын жұрнаққа айналған.

Бесінші деріс

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ФОРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛАРЫ

1. Грамматикалық тәсілдер

Біз сөзде лексикалық және грамматикалық мағына болады дегенді айттық. Грамматикалық мағыналар тіл-тілде әр түрлі грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі. Ол тәсілдер мыналар: 1) аффиксация тәсілі, 2) ішкі флекция тәсілі, 3) қосарлану тәсілі, 4) көмекші сөздер тәсілі, 5) сөздердің орын тәртібі тәсілі, 6) екпін тәсілі, 7) интонация тәсілі.

1. Аффиксация тәсілі. Түбірге немесе негізге аффикстер жалғану арқылы грамматикалық мағынаның берілуі - аффиксация тәсілі деп аталады. Бұл тәсіл әсіресе түркі тілдерінде жиі қолданылады. Мысалы, -шік, -ғыш, -дыр жұрнақтары қосылып, үйшік, жазғыш, жаздыр деген сөздерде деривациялық мағынаны білдірсе, **үйлерімізде** деген сөзде **-лер, -іміз, -де** жалғаулары реляциялық мағынаны білдіреді.

Аффиксация тәсілі, түркі тілдерінен басқа, индоевропа тілдерінде де бар. Бірақ оларда сәл басқашалау. Айталық, славян тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде сөз септелгенде немесе жіктелгенде, көп жағдайда түбірдің фонемалық құрамы өзгеріп кетеді. Мысалы: сон-сна, ходить-хожу т.б. Ал түркі тілдерінде олай емес. Түркі тілдерінде сөздердің септелуі немесе жіктелуі түбірдің фонемалық құрамын өзгертпейді. Мысалы: ұйқы - ұйқыға - ұйқыны - ұйқыдан; жүр - жүрмін - жүріңдер т.б.

Сондай-ақ, орыс тілінде көптеген аффикстердің әрқайсысы бір-бір мағынаны емес, бірден бірнеше мағынаны білдіреді. Мысалы, **гост+ям** де-

ген сөздегі **-ям** аффиксі әрі барыс септігін (дательн.падеж.), әрі зат есімнің көпше түрін білдіреді (гости+ям - гостям). Ал қазақ тілінде бұлар (көптік мағына мен барыс септігі) өз алдына бөлек-бөлек аффикстер арқылы беріледі: қонақ+тар+ға. Ол аффикстер бірінің үстіне бірі жалғана береді.

Бұл - түркі тілдеріндегі аффикстер негізінен алғанда дара мағыналы болады деген сөз. Алайда түркі тілдерінде бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін аффикстердің де бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы: жер жырттық, егін салдық дегендердегі **-қ** аффиксі әрі жақтық (1-ші жақ, жіктік жалғауы), әрі көпше мағынаны білдіреді. **Кездесеміз, сөйлескенбіз** дегендердегі **-міз** бен **-біз** аффикстері де дәл осындай. Бірақ түркі тілдерінде бірден бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін бұл тәрізді аффикстер орыс тіліне қарағанда сирек ұшырасады.

Ескертетін нәрсе: түркі тілдерінде бір сөздің құрамында бірнеше аффикс қабаттасып келсе, түбірге алдымен жұрнақтар, содан кейін жалғаулар жалғанады. Сөз құрамында бірнеше жалғау қаббатасып келсе, алдымен көптік жалғауы, одан соң тәуелдік жалғауы, мұнан соң септік жалғауы, оның үстіне жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы: ауыл+дар+ыңыз+дан+быз.

Орыс тілінде түбір мен аффикс бір-бірімен әбден жымдаса, кіріге қосылса (бег - бежать), түркі тілдерінде олар жай ғана жалғаса қосылып, морфемалардың ара жігі аңғарылып тұрады (жүгір-жүгірді-жүгірген). Осыған орай, орыс тіліндегі түбір мен аффикстердің жымдаса, кіріге қосылуы фузия деп аталса, түркі тілдеріндегі жалғаса қосылуы - агглютинация деп аталады. Фузия индоеврпа тілдеріне тән, агглютинация -түркі, монғол, угоро-фин тілдеріне тән.

2. Ішкі флекция тәсілі. Грамматикалық мағыналарды білдірудің басты тәсілдерінің бірі - ішкі флекция тәсілі. Ішкі флекция тәсілі дегеніміз - түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі. Бұл тәсіл - әсіресе семит тілдеріне (араб, еврей

т.б.) тән тәсіл. Мысалы, араб тіліндегі "жазу" деген сөз - ktb деген дауыссыз дыбыстардан құралады. Осы түбірді katib деп өзгертсек, ол "жазып отрушы", kitab - "кітап", kutub -"кітаптар", kataba -"жазды", aktub -"мен жаздым", uktub-"жаз". Бұл мысалдан араб тілінде түбірдің құрамындағы дауссыздардың аралығына дауыстылардың енуі және олардың өзгеруі аффикстердің қызметімен пара-пар екенін көреміз.

Ішкі флекция неміс (Mutter-шеше, Mutter-шешелер), ағылшын (foot-аяқ, feet-аяқтар), орыс (называть-назвать) тілдерінде де кездеседі. Мысалы, орыс тіліндегі убирать - убрать деген сөздерде видтік мағына, жекешілік мағына, етістік мағына бар. (Алайда аталған тілдерде түбір сөздерге аффикстер де жалғана береді. Дегенмен оларда ішкі флекция айырықша қызмет атқарады. Сондықтан да, бұл тілдер флективті тілдер қатарына жатады).

3. Қосарлану тәсілі. Екі сөздің қосарлануы да грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі ретінде қызмет етеді. Қосарлану тәсілі түркі тілдерінде кең тараған және жиі қолданылады. Мысалы: қора-қора, тау-тас т.б.

Қосарлану арқылы грамматикалық мағына туғызатын форма ретінде әсіресе күшейтпелі шырай мағынасын беретін үстеме буын арқылы жасалған қып-қызыл, сап-сары деген сияқты қосарлануды айтуымыз керек. Бұлай қосарлану тек сын есімдерге тән және нағыз грамматикалық мағына беретін форма. Ол сын есімдерге күшейту мағынасын жамайды (Ал жоғарғы қора-қора, тау-тас дегендерде лексикалық мағына бар. Оларда сөз тудыру қызметі басым болса, бұларда форма тудыру қызметі басым).

4. Көмекші сөздер тәсілі. Тілде негізгі атауыш сөздермен бірге көмекші сөздер де болатындығы белгілі. Атауыш сөздерде дербестік болса, көмекші сөздерде дербестік жоқ. Сондықтан да, олар аффикстерге ұқсас қызмет атқарады. Мысалы, **университетке оқу үшін келдім** дегендегі көмекші сөз - **үшін**. Үшін көмекші сөз қандай қызмет атқарып тұр? "Оқу

үшін келдім" дегенді "оқ+у+ға келдім","оқы+ға+лы келдім" деуге болады. Ендеше, "үшін" көмекші сөзі **-ға** (барыс септігі), **-ғалы** (көсемше жұрнағы) аффикстерінің қызметін атқарып тұр. Бұдан шығатын қорытынды: көмекші сөздер де грамматикалық мағына туғызудың бір тәсілі екен.

Көмекші сөздердің түрлері көп. Олардың білдіретін грамматикалық мағыналары да алуан түрлі.

Көмекші сөздердің бірі - жалғаулықтар деп аталады. Олар сөйлем мүшелерін байланыстырады. Мысалы: оқу мен тәрбие, тыңдайық та қайтайық.

Көмекші сөздердің екінші түрі - септеуліктер (послелоги) деп аталады. Ол орыс тіліндегі предлогтармен (в, к, на, над, за, после, перед, для т.б.) бірдей қызмет атқарып, сөйлем мүшелерінің арасындағы бағыныңқылық қатынасты білдіреді. Мысалы: сабақ+қа дейін, сабақ+тан соң дегендердегі септеуліктер - **дейін**, **соң**. Бұлар өзінің алдында тұрған сөздердің белгілі бір септік жалғауларында тұруын керек етіп тұр. Сондықтан да, олар септеуліктер деп аталынады.

Көмекші сөздердің үшінші түрі - демеуліктер (частицы): алыс **па**? сен **ғана**, кешікті-**ау**, өнің өн-**ақ** екен, айтыпты-**мыс**. Бұлар негізгі сөзге сұрау, шектеу, күшейту, күдіктену мағыналарын үстейді.

Көмекші сөздердің тағы бір түрі - көмекші етістіктер. Бұлар негізгі етістіктерге тіркесіп, алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді. Мысалы: айт+а берді - істің созылыңқылығын, айт+ып болды - істің аяқталғанын, айт+а бастады - істің басталуын, айт+а қойды - істің тездігін білдіреді.

Роман тілдері мен герман тілдерінде қолданылатын артикльдер де көмекші сөздердің бірі (Бұлар славян,түркі тілдерінде кездеспейді). Артикльдер белгілілік пен белгісіздікті, род категориясын бір-бірінен ажырату үшін қолданылады. Француз тілінде артикльдер жекеше мен көпшені де айыра алады. Мысалы: ағылшын тілінде the (зэ) - белгілікті, a/an (э,эн) - белгісіздікті білдіреді; the book - осы кітап, a book - кез

келген кітап. Фр. le journal - un journal (газет), le paysan - шаруа, les paysans - шаруалар (көптік катег.).

5. Сөздердің орын тәртібі - грамматикалық тәсілдердің бірі. Сөз түрлендіруші формалар жоқ немесе өте аз тілдерде сөздердің орын тәртібінің мәні айырықша. Мәселен, қытай тілі мен ағылшын тілінде сөздердің орын тәртібі грамматикалық тәсілдердің ішінде басты тәсілдердің бірі. Мысалы: the Father loves the son - әке сүйеді бала (әке бала+сын сүйеді). Мұндағы сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырсақ, сөйлем мүлде басқаша мағынаға ие болады. Баяндауыштың алдында тұрса - бастауыш, баяндауыштан соң тұрса - толықтауыш деген сияқты. Міне, сөздердің орын тәртібі - грамматикалық мағына атқарады дегеніміз осы. Орыс тілінде де дәл осындай: Мать (бастауыш) любить (баяндауыш) дочь (толықтауыш).

Сөздердің орын тәртібі түркі тілдерінде кейде анықтауыш пен анықталғыш сөздің жігін ажыратуға көмектеседі. Мысалы: **сағат қалта** - сағат салатын қалта, ал **қалта сағат** - қалтаға салатын сағат. Бұдан арыға бармайды, барса (инверсия) тек стильдік қызмет атқарады. Мысалы: Тарт қолыңды Ветнамнан (Шешенстаннан)! Мұндайда сөйлем мүшелерінің табиғаты өзгермейді.

Француз тілінде септеу (склонение) жоқ. Сондықтан онда сөздердің орын тәртібі ең басты грамматикалық тәсіл ретінде қолданылады. Мысалы: Henri appele Alfert - Анри шақырады Альберт /ті/. Болмаса керісінше.

6. Екпін тәсілі. Сөз екпіні тянақсыз, жылжымалы болса, ол да грамматикалық тәсіл ретінде қызмет атқарады. Мысалы: му́ка - азап, мука́ - ұн; за́мок - қорған, замо́к - құлып. Екпін бір буыннан басқа буынға жылжыса, әр түрлі грамматикалық мағынаны (форманы) білдіреді. Мысалы: окна́ - жекеше, ілік септік (им.пад.), о́кна - көпше, атау тұлғада; руки́, ноги́ - ру́ки, но́ги дегендер де сондай.

7. Интонация тәсілі. Екпін сөзге қатысты болса, интонация - фразаға, сөйлемге қатысты болады. Интонациясына қарап, фраза мен сөйлем

сұрау мәнінде ме, жоқ, байымдау немесе көтеріңкі (лепті) мәнінде ме? дегенді білуге болады. Мысалы: **сынақты (зачет) тапсырдың ғой** (байымдау, тұжырымдау). **Сынақты тапсырдың ғой** (сұрау)? Кейде сөз тіркесі мен сөйлем де интонация арқылы ажыратылады. Мысалы: **Ол студент** (сөз тіркесі), **ол - студент** (сөйлем).

Тілде "ой екпіні" (логикалық екпін) деген болады. Сөйлемдегі қай сөзге ой екпінің түсуіне байланысты оның мән-мағынасы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы: - **Сен кітапты әкелдің бе?** Ой екпініне байланысты жауап та әр түрлі болады: 1) - **Иә, мен (әкелген)**, 2) **Кітапты** (әкелдім).3) **Иә, әкелдім** (кітапты).

Сонымен, грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілдері алуан түрлі екен. Олар екі топқа бөлінеді: 1) синтетикалық тәсілдер (аффиксация, ішкі флекция, екпін, қосарлану), 2) аналитикалық тәсілдер (көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация). Синтетикалық тәсіл сөз ішінде болады, ал аналитикалық тәсіл сөздің сыртында болады.

Синтетикалық тәсілдер жиі қолданылатын тілдер - синтетикалық тілдер, аналитикалық тәсілдер жиі қолданылатын тілдер - аналитикалық тілдер деп аталынады.

2. Грамматикалық формалар мен мағыналар

Біз жоғарыда грамматикалық тәсілдер туралы сөз еттік. Енді грамматикалық формалар мен грамматикалық мағыналар туралы сөз етпекпіз. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формамен айтылады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағынаны грамматикалық форма арқылы білдірудің жолы болып саналады.

Тілдегі грамматикалық мағыналар грамматикалық формалар арқылы беріледі. Мысалы, "бірінші жақ формасы", "нақ осы шақ формасы", "шығыс септік формасы" дейміз. Олар жақтық, шақтық, септік мағыналарын береді. Сөз қаншама формада қолданылса да, ол әр басқа сөз емес, бір сөз ретінде ұғынылады. Мысалы: ағаш+тың, ағаш+қа, ағаш+ты, ағаш+та, ағаш+тан, ағаш+пен т.б. Бұл жерде алты форма, бір-ақ сөз бар.

Сөз формалары деп - сөздің лексикалық мағынасына қосымша грамматикалық мағыналарды жамайтын формаларды ғана айтамыз. Бұл тұрғыдан жазу (писать), жазушы (писатель) дегендер бір сөздің формалары болып саналмайды, өйткені жазу - іс-әрекетті көрсетсе, жазушы - жазуға бейім адамды көрсетеді. Ал жақсы - жақсырақ, келді - келеді - келсе десек, бұлар - грамматикалық формалар. Форма, әдетте, белгілі бір мағынаны білдіреді, мағынасыз форма жоқ. Ендеше, әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіретін сөз формаларын - грамматикалық формалар деп атаймыз. Мысалы: ек, егіңіз, ексін, егейік - бұлар бір сөздердің әр түрлі грамматикалық формалары. Ал ек, егінше, егіс - бұлар ек деген түбірден жасалған әр басқа сөздер. Өйткені соңғылар әр басқа лексикалық мағыналарды білдіріп тұр.

Формалардың ішінде біреуі негізгі, ал қалғандары туынды формалар

болады. Мысалы, атау септік - негізгі форма, қалған септіктер - туынды формалар. Туынды формалар негізгі формалардан жасалады. Екінші жақ бұйрық рай формасы (жаз) - негізгі форма, ал ашық рай (жазды), шартты рай (жазса), қалау райы (жаз+ғы+м келеді) - туынды формалар.

Сөз формаларының екі түрі бар: 1) синтетикалық формалар, 2) аналитикалық формалар.

1) Сөздің синтетикалық формалары. Сөздің синтетикалық формалары аффиксация арқылы және ішкі флекция (дыбыстардың алмасуы) арқылы жасалады. Мысалы, стол - столы, ағыл. table (үстел) - tables (үстелдер). Бұл сөздердің көпше формалары аффикстер арқылы жасалып тұр. Аффиксация тәсілінің префиксация, инфиксация, суффиксация деген түрлері бар. Бұлар сөздің қай жерінен қосылатындығымен ерекшеленеді.

Қазақ тілінде сөздің формаларын жасайтын - жалғаулар (көптік, тәуелдік, септік, жіктік). Олардың кейбіреулері сөз тудырушы қызмет атқарады. Мысалы: тебеген, босқа, жүресінен, егеу.

Сөздің синтетикалық формалары ішкі флекция арқылы да жасалады. Мысалы: ағыл. man (ер,еркек) - men (ерлер, еркектер), нем. Gast (қонақ) - Gäste (қонақтар). Соңғы сөз әрі ішкі флексия, әрі аффиксация арқылы жасалған.

2)Сөздің аналитикалық формалары. Сөздердің аналитикалық формасы дербес (атауыш) сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады. Мысалы: келе жатыр. Бұл - екі сөздің тіркесі емес, екі форма емес, бір сөздің күрделі (аналитикалық) формасы; бір тұтас грамматикалық бірлік. **Кел** дегенде лексикалық мағына бар, ал **жатыр** дегенде бұл жерде дербес лексикалық мағына жоқ. Ол алдыңғы толық мағыналы дербес сөзге тіркесіп, оған осы шақтық мағына үстеп тұр. Бұл жағынан **жатыр** көмекші етістігінің қызметі келеді, келмек, келіпті, келген дегендердегі -еді, -мек, -іпті,-ген аффикстердің қызметтерімен бірдей. Бұл аффикстердің қызметтері де - шақтық мағына туғызу. Орыс тіліндегі будет работать (келер

шақ) деген де аналитикалық форма. Оны работать - работал (өткен шақ) - работает (осы шақ) дегендермен салыстырсақ, бұл айтқанымыз дәлелдене түседі.

Көмекші сөз өзінің грамматикалық табиғаты мен қызметі жағынан сөз түрлендіруші (форма тудырушы) морфемаға барабар қызмет атқарады. Ал аналитикалық конструкцияның формасы атауыш сөздің (бір сөздің) формасы болып саналады. Аналитикалық конструкция лексикалық жақтан да, грамматикалық жақтан да ажыратылмайды. Өйткені келе жатыр дегендегі өткен шақтың мағына мен буду работать дегендегі келер шақтық мағына **жатыр, буду** көмекші етістіктермен емес, олардың кел, работать деген атауыш сөздермен тіркесуі арқылы беріледі. Яғни грамматикалық мағына олардың тұтасқан тіркесі арқылы пайда болады және олар даяр тұрған үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады. Сондықтан да, оларды тұрақты тіркестердің қатарына жатқызуға болмайды (Олар аналитикалық формалар).

Аналитикалық конструкция - даяр тұрған аналитикалық формант (яғни даяр тұрған элемент) арқылы жасалады. Ол аналитикалық формант - көмекші сөз. Яғни дербес сөз даяр тұрған формантты (көмекші сөзді) қабылдайды. Сөйтіп, аналитикалық форма жасалынады. Сөздің аналитикалық формасы бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді.

Қорыта айтқанда: Сөз әр түрлі формаларға ие болады. Ол формалар грамматикалық мағыналарды білдіреді. Сөз формаларының екі түрі бар: 1) сөздердің синтаксистік формасы, 2) сөздердің аналитикалық формасы.

3. Грамматикалық категориялар

Грамматикалық категория грамматикалық мағына мен грамматикалық формамен тығыз байланысты. Өйткені, біріншіден, грамматикалық мағына грамматикалық категорияның элементі ретінде өмір сіреді, соның құрамы-

на кіреді. Екіншіден, қандай бір грамматикалық категория болсын, ол кемінде екі түрлі формада көрінуі мүмкін. Мысалы, бір ғана септіктің формасы өздігінен септік категориясын құрай алмайды. Септік категориясы болу үшін, тілде атау септіктен басқа ілік, барыс, жатыс, табыс ... т.б. септіктердің болуы шарт. Сонда ғана септік категориясы грамматикалық категория ретінде таныла алады. Жақ (1-жақ,2-жақ, 3-жақ) категориясы, шырай (жай, салыстырмалы, күшейтпелі шырай) категориясы туралы да осыны айту керек.

Сейтіп, грамматикалық категория біртектес грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады. Мұндағы "біртектес грамматикалық мағыналар" дегеніміз не? Ол - бір грамматикалық категорияның жалпы мағынасы (әр басқа емес) біреу ғана, - деген сөз. Мысалы, шақ категориясы осы шақ, өткен шақ, келер шақ формаларында көрінгенімен, олардың мағыналары біреу ғана, яғни шақтық (мезгілдік, уақыттық) мағына. Біртектес шақтық мағыналар әр түрлі грамматикалық формалармен беріліп, жалпы грамматикалық шақ категориясын құрап тұр. Ендеше, "осы шақ категориясы", "өткен шақ категориясы", "келер шақ категориясы " деп атау қате. Ондай категориялар жоқ, бір ғана "шақ категориясы" деген бар. "Өткен шақ", "осы шақ" дегендер - грамматикалық мағыналар. Олардың әрқайсысына тән өзіндік формалары болады. Шақ категориясы бір шақтан емес, күллі шақтардың мағыналары мен формаларының жиынтығынан құралады.

Бұған қарап, белгілі бір грамматикалық категорияға кіретін грамматикалық мағыналардың бір-бірінен айырмашылықтары жоқ екен деп қалуға болмайды. Олардың айырмашылықтары да, ұқсас (ортақ) жақтары да бар. Мысалы, жақ категориясына енетін I жақ, II жақ, III жақ дегендердің ұқсас жағы - жақтық мағынасы. Ал айырмашылықтары - I жақтың - **мен**, II-жақтың - **сен**, III-жақтың - **ол** дегендерді білдіретіндіктері.

Сөздің бір формасы бірден бірнеше грамматикалық категорияны біл-

діруі мүмкін. Мысалы: жазғыз деген сөздің формасында 3 түрлі грамматикалық категорияның элементтері бар. Олар: бұйрық рай, екінші жақ, өзгелік етіс. Бұған керісінше, бір грамматикалық категория әр түрлі формамен берілуі мүмкін. Мысалы: студент+ке, студентім+е, студенті+не дегендердегі бір ғана барыс септігі әр түрлі формалармен (-ке, -е, -не) берілген. Бірақ бұлар әр басқа категориялар емес, бір ғана септік категориясы. Күшейтпелі шырай да бірде синтетикалық тәсіл арқылы (қып-қызыл), бірде формасына қарап, оларды әр түрлі категория екен деп қалмау керек.

Белгілі бір грамматикалық категорияның дүние жүзіндегі барлық тілде болуы шарт емес. Ол грамматикалық категория бір тілде болғанымен екінші тілде болмауы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде бар вид (совершенный вид, несовершенный вид) категориясы француз, неміс тілдерінде кездеспейді. Немесе қазақ тіліндегі тәуелдік категориясы орыс тілінде (славян тілдерінде) жоқ. Грамматикалық род категориясы орыс, неміс, француз тірдерінде бар, бірақ ол ағылшын тілі мен түркі тілдерінде ұшыраспайды.

Белгілі бір грамматикалық категория әр тілде әр түрлі дәрежеде көрінуі мүмкін. Мысалы, араб тілінде 3 септік болса, орыс тілінде -6, қазақ тілінде - 7, эстон тілінде -15 септік бар. Грамматикалық етіс категориясы көптеген тілдерде бар. Бірақ оның өзгелік етіс (каузатив) түрі түркі тілдері мен француз тіліне ғана тән. Ол славян тілдерінде кездеспейді. Орыс тілінде род категорияның 3 түрі болса, француз тілінде оның екі-ақ түрі бар (онда средний род жоқ).

Бұдан шығатын қорытынды: әр тілдің өзіне тән грамматикалық ерекшіліктері болады екен. Солай дей тұрсақ та, көптік, септік, жақ, шақ, рай, етіс категорияларының көптеген тілдерге тән екендігін айтуымыз керек.

Грамматикалық категорияның көпшілігі белгілі бір сөз таптарына телулі болады. Мысалы, род, септік, көптік категориялары есімдерге тән болса, жақ,шақ,рай, етіс категориялары етістіктерге қатысты.

Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталық.

1. Көптік категориясы - тілдердің барлығына тән. Ол бір затты көп заттан ажырата білу үшін қолданылады. Жекелік пен көптік зат есімдер арқылы және есімдіктер (әсіресе жіктеу есімдіктері) арқылы анық байқалады. Көптік категорияның әр түрлі тілдерде өзіндік ерекшіліктері болады. Мысалы, көптеген тілдерге жекелік және көптік мағына тән болса, қазіргі араб тілінде оның екілік (двойственное число) деп аталатын түрі бар. Орыс тілінде тек көпше түрінде қолданылатын очки, брюки, ножницы деген сияқты сөздер қазақ тілінде жекеше түрде қолданыла береді. Мысалы: көзәйнек, шалбар, қайшы.

Орыс тілінде зат есім көпше немесе жекеше түрінде қолданылса, онымен тіркесіп келген сын есім де көпше немесе жекеше түрінде қолданылады. Мысалы: высокая гора - высокие горы. Ал қазақ тілінде зат есімдер мейлі көпше түрде, мейлі жекеше түрде қолданылсын, оған қарамастан зат есімдермен тіркескен сын есімдер (анықтауыштар) әрдайым жекеше түрде жұмсалады. Мысалы: биік тау - биік таулар.

Көптік категориясы сан есімдерге де тән емес. Бірақ кейде сан есімдерге, соның ішінде есептік сандарға көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: сағат алты+лар+да, жасы алпыс+тар+да. Мұнда көптік жалғауы көптік мағынаны емес, болжалдық мағынаны білдіріп тұр. Егер сын есімдер көптік формада қолданылса, олар міндетті түрде субстанивтенеді, яғни заттанады. Мысалы: Жақсы+лар келді. Сұлу+лар жиналды, т.б.

Көптік категориясы тек қана зат есімдерге ғана емес, сонымен бірге, есімдіктерге, соның ішінде жіктеу есімдіктеріне де тән категория. Мысалы: Ол - олар, сен - сендер, өз - өздері, кім - кімдер т.б.

Кейде етістіктер де жекелік не көптік мағыналарды білдіре алады

екен. Мысалы: (мен) барды+м - (біз) барды+қ, бара+мын - бара+мыз. Бұл жерде көптік немесе жекелік мағынаны көптік жалғаулары емес, жіктік жалғаулары білдіріп тұр.

Көптік категориясы әр түрлі тілдерде әр түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Мысалы, араб тілінде ол ішкі флексия арқылы берілсе, түркі тілдерінде - арнаулы аффикстер арқылы білдіріледі. Кейбір тілдерде көптік категориясы сөздердің қосарлануы арқылы берілсе, екінші бір тілдерде арнаулы сөздер арқылы (тибет тілінде) немесе көмекші сөздер арқылы (қытай тілінде) беріледі.

Қайсыбір тілдерде белгіленетін заттардың жанды-жансыз болуына қарай, көптік жалғауының формасы да әр түрлі болып келеді. Мысалы, пушту тілінде жанды затқа көптік жалғаулары **-ан** түрінде жалғанса (сой - қоян, сой+ан - қояндар), жансыз заттарға **-уна** түрінде жалғанады (қор - үй, қор+уна - үйлер).

2. Септік категориясы. Бұл категория есім сөздерге тән. Заттар мен құбылыстардың арасындағы әр түрлі қатынастар әр түрлі септіктер арқылы көрініс табады. Мысалы: үй+дің терезе+сі - меншіктеуші қатынас, үй+ге барамын - бағытты білдіреді.

Басқа септіктердің бәріне негіз болып тұрған септік - атау септік. Сондықтан да, оны кейде негізгі септік деп атайды, ал қалғандарын жанама септіктер деп атайды. Атау септікте дербестік бар. Ол негізінен атауыштық қызмет атқарады.

Түркі тілдерінде атау септігінің өзіне тән көрсеткіші жоқ. Басқа септіктердің өзіне тән ондай жалғаулары бар. Олар міндетті түрде басқа бір сөзбен тіркесіп айтылады, жеке қолданыла алмайды. Оларда (жанама септіктерде) тиянақтық жоқ деуіміз сондықтан.

Біз септіктер бір сөздің екінші сөзге қатысын білдіреді дедік. Сол қатысты кейбір тілдерде септік жалғаулары арқылы берілсе, екінші бір тілдерде (мыс., болгар тілінде) ол көмекші сөздер (предлогтар)

арқылы беріледі (Кейде мұндай қатынастар септіктер мен көмекші сөздердің бірдей қатысуы арқылы да берілуі мүмкін). Айталық, агглютинативті тілдерде сөздердің бір-біріне қатынасы (яғни грамматикалық мағыналары) аффикстер арқылы берілсе, аналитикалық тілдерде ол көмекші сөздер мен сөздердің орын тәртібі арқылы көріне алады. Сондықтан да, агглютинативті тілдерде септіктердің саны көп, ал аналитикалық тілдерде олардың саны аз болады. Мысалы, аналитикалық тілдердің бірі - ағылшын тілінде екі ғана септік болса, агглютинативті тілдердің қатарына жататын эстон тілінде - 14 септік, венгер тілінде - 22 септік бар.

Кейде сөздердің арасындағы қатынастар септік жалғаулары мен көмекші сөздердің (септеуліктердің, предлогтардың) бірдей қатысуы арқылы да берілуі мүмкін. Оған славян тілдеріндегі септік жалғаулары мен предлогтардың, түркі тілдеріндегі септік жалғаулары мен септеуліктердің тіркесіп қолданылуын мысалға келтіруге болады.

3. Жақ категориясы. Бұл дүние жүзі тілдерінің басым көпшілігіне тән. Ол іс-әрекеттің қай жаққа (кімге) қатысты екендігін білдіреді. Іс-әрекет сөйлеуші жақ, тыңдаушы жақ немесе бөгде жақтың бірі арқылы жүзеге асады. Осыған орай, әр тілде 3 жақ болады: I жақ, II жақ, III жақ. Бұл үш жақтың әрқайсысына тән грамматикалық мағынасы мен грамматикалық формасы бар. Жақтық мағына белгілі бір аффикстер арқылы беріледі. Ондай аффикстерді жіктік жалғаулары деп атайды (Осыған орай мұны жіктік категориясы деп те атауға болады). Жақ категориясы етістіктерге тән категория.

Орыс тілінде жіктелетіндер - етістіктер ғана, ал есім сөздер онда жіктелмейді. Түркі тілдерінде де етістіктер жіктелінеді. Кейде түркі тілдерінде баяндауыш қызметінде жұмсалғанда зат есімдер де, сын есімдер де, сан есімдер де, кейбір есімдіктер де жіктеліне береді. Осыған байланысты жіктік жалғаулары баяндауыштық аффикстер деп те аталынады.

Жақтық форма жақтық мағынаны ғана емес, сондықтан бірге, жекелік

немесе көптік мағынаны да білдіруі мүмкін дегенді біз жоғарыда айттық (Мысалы: барды+м - барды+қ).

4. Шақ категориясы. Бұл етістіктерге тән категория. Өйткені іс-әрекет уақытпен тығыз байланысты. Осы шақ сөйлеу кезімен сәйкес келетін іс-әрекетті білдірсе, өткен шақ сөйлеу кезіне дейінгі іс-әрекетті, ал келер шақ сөйлеу кезінен соң, яғни келешекте болуға тиісті іс-әрекетті білдіреді.

Бір шақтың бірнеше түрі болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде оқы+ды+м, оқы+ған+мын дегендердің екеуі де өткен шақты білдіреді. Бірақ олардың мағыналары бірдей емес: алдыңғысы - жедел өткен шақты, соңғысы - бұрынғы өткен шақты білдіреді. Ағылшын, француз, неміс тілдерінде де өткен шақтың бірнеше түрлері бар.

5. Рай категориясы. Бұл да етістіктерге тән. Ол іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігіне сөйлеушінің қалай қарайтындығын білдіреді. Мысалы: оқы, оқыса, оқыса игі еді, оқығысы келеді деген формалар әлі іске аспаған, бірақ іске асуы мүмкін әрекетті, қалау, тілек, болжам мағынасындағы іс-әрекетті білдіреді. Ал оқыдым, оқимын дегендер ақиқат іс-әрекетті білдіреді.

Тіл-тілде райдың түрлері мен саны әр басқа. Орыс тілінде райдың үш түрі болса, қазақ тілінде төрт түрі бар.

Бұйрық рай біреуге бұйыра айтуды білдіреді. Етістіктің II жақ бұйрық рай түрі етістіктің негізі болып саналады да, басқа райлар осы рай формасынан жасалынады. Шартты рай іс-әрекеттің шартын білдірсе, қалау райы сөйлеушінің іс-әрекетке тілегін, ниетін білдіреді.

6. Етіс категориясы - етістікке тән. Ол іс-әрекеттің объектіге немесе субъектіге бағытталғандығын білдіреді. Мысалы: Оқушы киінді. Киінді - өздік етіс; іс-әрекет өз субъектісіне бағытталған. Жер жыртылды. Мұндағы жыртылды - ырықсыз етіс; іс-әрекет объектіге бағытталған, бірақ іс иесі көрсетілмеген. Яғни мұнда кімнің істегендігі айтыл-

май, ненің істелгендігі айтылған.

Ортақ етіс формасы іс-әрекет субъектісінің кемінде екеу екендігін білдіреді. Мысалы: хат жазысты. Өзгелік етіс іс-әрекет субъектісіне басқа бір субъектінің қатысы бар екендігін білдіреді. Мысалы: жолдасым жаздырды. Бұл етіс (өзгелік етіс) роман, герман, славян тілдерінде ұшыраспайды. Ол түркі, моңғол тілдеріне ғана тән.

Сонымен, грамматикалық категория деп - біртектес грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығын айтады екенбіз. Грамматикалық категориялар: көптік, септік, родтық; жақ, шақ, рай, етіс, вид категориялары.

Алтыншы дәріс

СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
(Синтаксис мәселелері)

Синтаксистің негізгі қарастыратын мәселелері: сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу амалдары мен формалары. Алдымен сөз тіркесіне тоқталалық.

1. Сөз тіркесінің құрылымы

Сөз тіркесі сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуынан жасалады. Сөз тіркесі жасалу үшін, оның құрамындағы сөздер мағыналық және грамматикалық жағынан байланысты айтылуы шарт. Егер біз сөз тіркесін - толық мағыналы екі сөздің бір-бірімен байланысы десек, ол байланыс екі

түрлі болады. Бірі - мағыналық жағынан, екіншісі - грамматикалық жағынан байланыс. Мағыналық жағынан байланыс деп - сөздердің сөз табы ретіндегі жалпы категориялдық мағынасын, ал грамматикалық жағынан байланыс деп - бір сөздің басқа бір сөзге грамматикалық жағынан бағыныштылығын айтамыз. Яғни сөз тіркесіндегі сөздер белгілі бір грамматикалық формада тұрып, олардың бірі - басыңқы (ұйтқы), екіншісі - бағыныңқы (тәуелді) жағдайда баланысады.

Сөз тіркесіндегі басты рольді оның басыңқы сыңары атқарады. Басыңқы сөздің қай сөз табынан болуының үлкен мәні бар. Өйткені сөз тіркесінің құрылымы оның құрамындағы ұйтқы сөздің қай сөз табына қатысты болуына қарай айқындалады. Мәселен, басыңқы сөз зат есім болса, ол өзінің алдында тұрған анықтауыш сөздермен, яғни сын есім, сан есім, есімдік, есімшелермен тіркеседі. Мысалы: **Ақылды адам, бес кітап, бұл бала, барар жол,** т.б. Бұл сын есімдер басыңқы сыңар бола алмайды деген сөз емес. Сын есімдер де басыңқы сыңар бола алады. Бірақ сын есімдер басыңқы сыңар болғанда өзінің алдындағы есімдердің атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұруын керек етеді. Мысалы: **ақылға бай, тастан қатты, құлақты кергіш.** Етістіктер ұйтқы (басыңқы) сөздер ретінде өзіне бағыныштты зат есімдермен де, үстеулермен де, көсемшелермен де, еліктеу сөздермен де тіркесе береді. Мысалы: **тауға шығу , ерте тұру, қадала қарау, бұрқ-бұрқ қайнау.**

Сонымен, сөз тіркесін құрастырушы сөздер бір-бірімен синтаксистік байланысқа түседі екен. Ол синтаксистік байланыстың тіл-тілде бірнеше түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.

Қиысу деп - басыңқы сөз бен бағыныңқы сөздің бір-бірімен жекелік-көптік жағынан, септік жағынан, род жағынан байланысуын айтамыз. Мысалы: орыс тілінде высокая гора - высокие горы, высокой горы - высоких гор. Немесе: он играл - она играла.

Қиысу орыс тілінде сөз тіркесіне де, сөйлемге де қатысты болса,

қазақ тілінде ол тек сөйлемге қатысты. Мысалы: Мен келдім, сен келдің. Қазақ тілінде қиысу - сөз тіркесінің байланысы емес, сөйлем мүшелерінің байланысы. Ендеше оны предикативтік байланыс деп атау керек.

Қазақ тілінің екінші ерекшілігі - септік жалғаулары арқылы байланысуды қиысу демейді, оны матасу, меңгеру деп екі түрге бөліп қарастырады. Мысалы: Менің кітабым (матасу), кітаптан оқыдым (меңгеру).

Матасу - ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысы. Мысалы: Менің кітабым, сіздің кітабыңыз. Мұнда басыңқы сөз тәуелдік жалғауында тұрады да, бағыныңқы сөз ілік септік жалғауында тұрып, анықтауыш қызметін атқарады.

Меңгеру деп - сөз тіркесі құрамындағы басыңқы сөз (етістік) бағыныңқы сөздің атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұруын керек ететін байланысты айтамыз. Мысалы: Киім+ді тазалау, ауыл+ға бару, үй+ден шығу, жолдасы+мен кездесу.

Қабысу деп - сөз тіркесі құрамындағы бағыныңқы сөз басыңқы сөзбен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысуын айтамыз. Мысалы: Ағаш үй, ақ орамал, он дәптер, білген кісі, барлық адам.

Сөз тіркестерінің жалғаусыз байланысуының тағы бір түрі бар. Оны **жанасу** деп атайды. Егер қабыса байланысқан сөз тіркесінің басыңқы сыңары зат есім болса (мысалы: үй, орамал, дәптер, кісі, адам), жанаса байланысқан сөз тіркесінің басыңқы сыңары - етістік болады. Мысалы: кеше келу, жапалақтап жауу, қатты сүйсіну, екі жеу, сылқ-сылқ күлу.

Жанасудың қабысудан тағы бір ерекшілігі - қабысу тек қатар тұру арқылы байланысса, жанасу қатар тұрып та, алшақ тұрып та байланыса береді. Мәселен, **малшылар жайлаудан кеше келді** дегенді малшылар кеше жайлаудан келді, кеше малшылар жайлаудан келді деп, "кеше" сөзінің сөйлемдегі орнын ортасына, басына, аяғына ауыстырсақ, **кеше келу** деген сөз тіркесінің байланысы бұзылмайды.

Сонымен, сөз тіркесі дегеніміз не?

Сөз тіркесі дегеніміз - мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы кемінде екі сөздің синтаксистік тіркесі. Синтаксистік сөз тіркесі немесе еркін сөз тіркесі сөйлеу кезінде жасалады. Ал синтаксистік сөз тіркесіне ұқсас күрделі сөздер, басқа тіркестер, мәселен, атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесі және фразеологиялық тіркестер бұрыннан жасалған, даяр тұрған лексикалық единицалар ретінде қарастырылады да, олар сөз тіркесінің құрамына емін-еркін ене алады. Өйткені толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркестері, күрделі сөздер мен фразеологиялық бірлікте бір нәрсенің тұрақты атаулары. Олар номинативті қызмет атқарады. Мысалға **қері жілік, Жоғарғы Кеңес, Қазақ Республикасы** дегендерді алалық. Бұлар - күрделі сөздер. Олардың алдыңғы сыңарлары (кері, жоғарғы, қазақ) соңғы сыңарларының сапасын да, қасиетін де білдірмейді. Бұл сөздер өздерінің мағыналық дербестігінен айырылып, кейінгі сыңарларымен бірге, бір бүтін сөз ретінде ұғынылады. Ал синтаксистік сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сыңарлар өздерінің мағыналық дербестігін сақтап, өзінен кейінгі сөздерді(басыңқы сыңарларды) анықтайды, толықтайды немесе пысықтайды.

Дәл осы сияқты, еркін сөз тіркесінің толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен де, фразеологиялық бірліктен де айырмашылығы бар. Айталық, **көлге дейін** (бару), **тауға қарай** (жүру) дегендерді алсақ, бұлар толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалып тұр. Оларда басқа бір сөздің жетпей тұрғандығы, мағыналық жақтан аяқталмағандығы, тиянақты емес екендігі аңғарылады. Егер оларға **бару, жүру** деген толық мағыналы сөздерді қоссақ, сонда ғана олардан семантикалық тиянақтылығы бар сөз тіркестері жасалынады. Ал бұл сияқты тиянақтылық синтаксистік сөз тіркестірінің өз табиғатында бар.

Фразеологиялық сөз тіркестері де дәл осындай. Олар да бұрыннан жасалып қойған, даяр тұрған бірліктер ретінде еркін сөз тіркесінің не-

месе сейлемнің құрамына ене алады. Өйткені фразеологиялық бірліктердің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа мағынаны емес, барлығы жиналып келіп, бір бүтін мағынаны білдіреді. Осыған орай белгілі бір фразеологиялық бірлік сөйлемде бір ғана мүше ретінде қызмет атқарады. Ал синтаксистік сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы сөйлемнің әр басқа мүшесі болады.

Сөйтіп, сөз тіркесі - кемінде екі дербес, сөздің бағыныңқы-басыңқы байланыстың негізінде жасалған синтаксистік бірлік екен. Синтаксистік сөз тіркесінің күрделі сөзбен де, фразеологиялық сөз тіркестерімен де, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесімен де сырттай ұқсас болғанымен, олардан түбірлі айырмашылықтары болады.

Енді синтаксистік сөз тіркестерінің түрлеріне келелік. Құрамына қарай сөз тіркестері : 1) жалаң сөз тіркесі, 2) күрделі сөз тіркесі және 3) аралас сөз тіркесі, - болып үшке бөлінеді. Бұлай бөлуде сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің саны емес, оның қандай байланыстардың (айталық, қабысу, матасу т.б.) негізінде жасалғандығы ескеріледі.

Жалаң сөз тіркесі деп - сөйлемдегі сөздердің саны қанша екендігіне қарамастан олардың бәрі сөз тіркесінің бір-ақ түрімен (айталық, меңгеру немесе қабысу) байланысуын айтамыз. Мысалы: сөзді тыңдау - екі мүшелі, шөпті қораға тасу - үш мүшелі, шығарманы орысшадан қазақшаға аудару - төрт мүшелі тіркес. Бұлардың құрамындағы сөздердің бәрі де меңгеру арқылы байланысқан.

Күрделі сөз тіркесі деп - бір ғана ұйтқы (басыңқы) сөзге келіп тірелетін әр басқа байланыс түрлерінің (мәселен, меңгеру мен жанасудың) жиынтығын айтамыз. Мысалы: Шығарманы қызығып оқу. Бұл - күрделі сөз тіркесі. Ол шығарманы оқу, қызығып оқу деген екі жалаң сөз тіркесінен құралған. Біріншісі - меңгеру, екіншісі - жанасу. Бірақ екеуі де бір ғана **оқу** деген ұйтқы сөзге келіп байланысқан.

Ал **аралас сөз тіркесі** деп - әр басқа ұйтқы сөзге тірелетін әр

түрлі байланыстардың жиынтығын айтамыз. Мысалы: Мазмұнды шығарманы қызығып оқу. Мұнда үш түрлі сөз тіркесі бар. Олар: 1)мазмұнды шығарма - қабысу; үйтқы сөзі - "шығарма", 2) шығарманы оқу - меңгеру; үйтқы сөзі - "оқу",3) қызығып оқу - жанасу; үйтқы сөзі -"оқу". Бұл үш түрлі байланыс екі үйтқы сөзге тіреліп, бір күрделі тіркестің құрамында түйісіп тұр. Мұны аралас сөз тіркестері дейміз.

2. Сөйлемнің құрылымы

Сөйлем - ең басты тілдік бірліктердің бірі. Ол - коммуникативтік қызметі бар синтаксистік бірлік. Мұндағы "коммуникативтік" деген сөз - "бір нәрсе жайында хабар беру" дегенді білдіреді.

Сөйлем мен сөз тіркесінің айырмашылығы бар. Мысалы, жер жыртылды деген мен жер жырту дегенді салыстырып көрелік. Мұның біріншісі - сөйлем, екіншісі - сөз тіркесі. Сөйлем - бірдеме жайында хабар береді. Ал сөз тіркесі - бір нәрсені атайды. Бұл сөйлем - коммуникативтік қызмет, ал сөз тіркесі - номинативті қызмет атқарады деген сөз.

Демек, сөйлемнің өзіне тән құрылымдық үлгісі болады екен. Ол үлгі - бастауыш-баяндауыштық құрылым, яғни предикативтілік қатынас.

Сөйтіп, сөйлем дегеніміз - құрылымдық үлгісі бар синтаксистік бірлік. Ол бірдеме жайында хабарлайды, яғни ол коммуникативтік қызмет атқарады. Осы тұрғыдан қарағанда тілімізде кездесетін Қап! Бәрекелді! Жақсы. Алло! Немене? Кеш жарық! Рахмет! Жоқ. Бар. Иә. Ей, жігіттер! - деген сияқты айтылыстар (высказывание) сөйлем бола алмайды. Өйткені бұларда бастауыш-баяндауыштық құрылым жоқ және олар бір нәрсе жайында хабар бермейді.

Сөйлемге тән белгілердің бірі - **интонация**. Өйткені кез келген сөйлем белгілі бір интонациямен айтылады. Сондықтан да, сөйлем жеке сөз бен сөз тіркесінен құрылымдық үлгісі жағынан ғана емес, интонация-

сы жағынан да ажыратылады.

Беретін хабарының мақсатына қарай сөйлемдер екі топқа бөлінеді. Оның бірі - хабарлы сөйлемдер, екіншісі - сұраулы сөйлемдер.

Хабарлы сөйлем бір нәрсені хабарлау үшін жұмсалып, хабарлау интонациясымен айтылады. Мысалы: Жолаушылар Ақшоқыдан шықты. Ал сұраулы сөйлем бірдеме жайында хабар алу үшін жұмсалып, сұрау интонациясымен айтылады немесе сұрау есімдіктері (кім, не?) мен сұраулық демеуліктердің (ма/ме) бірі енгізілу арқылы жасалынады. Мысалы: Кімдер Ақшоқыдан шықты? Немесе: Жолаушылар Ақшоқыдан шықты ма?

Хабарлы сөйлем де, сұраулы сөйлем де интонациялық тәсілдер арқылы лепті сөйлемге айналуы мүмкін.

Мұндайда лепті сөйлем эмоциональды-экспрессивті қасиетке ие болады да, адамның көңіл күйіне байланысты жайларды, мысалы, қуану, шаттану, шошу, күдіктену, еркелету т.б. білдіреді. Бұларды білдіру үшін сөйлемде арнаулы модаль сөздер мен одағай сөздер де қолданылады. Мысалы: Бәрекелді (айналайындар-ай), жолаушылар Ақшоқыдан шығыпты ғой (шықты дей ме ?)!

Сөйлемдер өзін құрастырушы компоненттердің сипатына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып екі топқа бөлінеді. Жай сөйлем сөз тіркестерінен жасалса, құрмалас сөйлем екі не үш жай сөйлемнен жасалады.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы байланыс салалас байланыс және бағыныңқылы байланыс түрінде болуы мүмкін. Осыған орай құрмалас сөйлемдер 1) салалас құрмалас сөйлем, 2) сабақтас (бағыныңқылы) құрмалас сөйлем және 3) аралас құрмалас сөйлем болып, үш топқа жіктеледі.

Салалас құрмалас сөйлем деп - құрастырушы компоненттері салаласа байланысқан сөйлемді айтамыз. **Сабақтас құрмалас сөйлем** деп - құрамын-

дағы компоненттерінің бірі екіншісіне бағына байланысқан сөйлемді айтамыз. Ал **аралас құрмалас сөйлем** деп - құрмаластың құрамындағы үш (не төрт сөйлемнің бірі екіншісімен салаласа, ал екіншісі үшіншісімен сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемді атаймыз.

Жетінші дәріс

СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

Бұған дейін біз жалпы тіл білімінің мәселелерін сөз еттік. Дәл осы сияқты жалпы тілдерге ортақ сөз таптары туралы да сөз етуге болады. Біз ендігі жерде жалпы тілдерге ортақ сөз таптары туралы сөз етпекшіміз. Оны сөз таптарының жалпы теориясы (общая теория частей речи) деп атауға болады.

Сөз таптарының жалпы теориясы не үшін керек?

Сөз таптарының жалпы теориясы таза практикалық міндеттерді шешу үшін, яғни тілдердің ғылыми грамматикаларын жасау үшін, көптеген тілдерге тән, жалпылама ортақ жайларды айқындау үшін қажет.

1. Сөз таптарының шығуы мен дамуы

Бірсыпыра зерттеушілер сөз таптарының шығуын сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Мысалы, акад. И.И.Мещанинов өзінің "Сөйлем мүшелері мен сөз таптары" (М.,1945) деген кітабында былай деп жазды: "Сөйлемде зат есім - бастауыш немесе толықтауыш, сын есім - анықтауыш, үстеулер - пысықтауыш, етістіктер - баяндауыш ретінде жұмсалады. Олай болса, сөз таптары сөйлем мүшелері болу арқылы бөлініп шықты, жасалынды", - дейді

(203-б.).

Сөз таптарының сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалу барысында жасалғандығы рас. Бірақ ол бірден бола салған жоқ. Тарихи даму барысында біртіндеп жасалып қалыптасты. Бұл ойды тіл білімінің білгірлері А.А.Потебня мен В.М.Жирмунскийлер де жақтайды.

Мәселен А.А.Потебня:"Сын есімдер зат есімдерден бөлініп шықты. Зат есімнен сын есімнің бөлініп шығуы дегеніміз - зат есімнің атрибутивті мүше (анықтауыш) ретінде қолданылуы " - деп жазды өзінің 1899 жылы шыққан "Из записок по русской грамматике" деген еңбегінде (III бөлім, 77,86-б.).

Көне дәуірде зат есімдер мен сын есімдердің жігі ажырамаған. Мысалы, **жас**, **көк** сөздерінің әрі зат есім, әрі сын есім болуы сол көне құбылыстың ізі екендігін көрсетеді. Тілімізде әрі зат есім, әрі сын есім болатын сөздер ғана емес, әрі зат есім, әрі етістік болатын сөздер де бар. Мысалы: кеш, той, тоң, ой, ық, ыстық, жарық, салқын, суық. Кейде тіпті бір сөздің өзі үш түрлі сөз табына жатуы мүмкін. Мысалы: **ауыру** - зат есім (ескі ауру), ауыру - сын есім (ауру жүрек), ауыру - етістік (ауырып қалды). Бұлар - лексика-грамматикалық омонимдер. Бұлардың зат есім сыңары - зат есімдерше, сын есім сыңары - сын есімдерше, етістік сыңары - етістіктерше түрленеді, солардың әрқайсысына тән категориялармен сипатталады.

Бұл нені көрсетеді?

Бұл - зат есімдер мен сын есімдердің, етістіктердің, үстеулердің тілдің даму барысында біртіндеп жігі ажырап, дербес лексика-грамматикалық категориялар ретінде қалыптасқандығын көрсетеді. Яғни сөздер қолданылу ыңғайына, атқаратын қызметіне қарай сараланады, топтасады. Осылайша дамудың барысында сөз таптары жасалады.

Сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи даму барысында біртіндеп жасалынатындығын үстеулердің сөз табы ретінде қалыптасуынан

да көрінеді. Мысалы: қазақ тілінде босқа, зорға, бірге (барыс); кейде, қапыда, бірде (жатыс); жүресінен, кенеттен, бірден (шығыс); жайымен, ретімен (көмектес); орыс тілінде: вечером, порой, издавна, вплотную т.б. Бұлар үстеулер. Олардың түбірлері - зат есімдер (қапы, жайы, реті), сын есімдер (бос, зор), сан есімдер (бір), есімдіктер (кей). Бұл есім сөздерге септік жалғаулары жалғанып, пысықтауыш қызметінде жұмсалу барысында олар үстеулерге айналған. Көрсетілген үстеулердің құрамындағы септік жалғаулары сол сөздердің айрылмайтын бөлшегіне айналып, әбден көнеленіп кеткен. Оларды сөздердің түбірінен бөліп алып қарастыруға болмайды. Олар түбірге сіңісіп кеткен. Сөйтіп, сөз тұтастай лексикаланып, пысықтауыштық қызмет атқарып, басқа сөз табына айналған.

Яғни есімдерден үстеу сөздер жасалыну үшін үш түрлі шарт керек екен. Олар: 1) есім сөздерге септік жалғауларының біреуі жалғанып, оның әбден орнығып қалыптасуы және көнеленуі; 2) олардың мағына жағынан әуелгі төркіндерінен алшақтауы; және 3) пысықтауыш қызметінде жұмсалынуы.

Қазақ тілінде көсемше формалы етістіктердің пысықтауыш қызметінде үнемі жұмсала келіп, әбден қалыптасуынан және ондай формалардың көнеленуінен жасалған үстеулер де бар. Мысалы: аздап, аз-аздап, қайыра, жағалай, таласа-тармаса, т.б. Бұлардың көсемшелерге тек форма жағынан ғана ұқсастығы бар. Әйтпесе олар - үстеулер.

Олардың үстеу екендіктерін мыналардан көруге болады: 1) Бұларға тікелей жіктік жалғаулары жалғанбайды; 2) Олар сөйлемде баяндауыш болып қызмет атқармайды; 3) Бұл сөздерде етістіктерге тән шақтық, жақтық т.б. қасиеттер жоқ; 4) Бұлар сөйлемде тек пысықтауыш болып қызмет атқарады; 5) Бұларға етістіктерге жалғанатын болымсыздық жұрнағы (ма/ме) қосылмайды.

Қазақ тіліндегі сүзеген, тебеген, қабаған, жатаған тәрізді сөздер формасы жағынан - есімшелер. Бірақ бұлар тілдік табиғаты жағынан - сын

есімдер. Өйткені олар үдайы анықтауыш қызметінде жұмсала келіп, өздерінің есімшелік мағыналарынан айырылып қалған да, сын есімдерге айналып кеткен.

Сөз таптарының бір-біріне ауысуы сөздің лексикалық мағынасының өзгеруімен тығыз байланысты. Лексикалық мағынада өзгеріс болмай тұрып, бір сөз табының басқа бір сөз табына ауысуы мүмкін емес. Мәселен, жоғарыда айтылғандай, **ауыру** деген түйық етістік семантикалық жақтан дами келіп, бұл күнде сын есім мағынасында да (ауру адам), зат есім мағынасында да (ауруды емдеу) қолданыла береді. Қазір зат есімдер болып қалыптасып кеткен егеу, кесеу, бояу, жабу деген сөздер де түйық етістіктердің субстантивтенуінен жасалғандар. Бұл сөздер, сонымен бірге, етістік қалпын да сақтап қалған. Сондай-ақ, батыр, ер, қарт деген сын есімдер субстанивтеніп, зат есім түрінде де қолданылады.

Сөйтіп, сөз таптары бір-біріне ауысып жатады. Ол ауысу сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының өзгеруі нәтижесінде іске асады. Қай сөз табының қай сөз табына ауысуына қарай ғылымда олардың атаулары әр түрлі болады. Мысалы, басқа сөз табы зат есімге ауысса, оны субстанивтену (ор.больной, ученый, трое), сын есімге ауысса - адъективтену (қашаған, сүзеген),есімдікке ауысса - прониминалдану (біреу келіп кетті), үстеуге ауысса - адвербиалдану (күнде, кешке, босқа, лажсыздан, қайта, жата-жастана), етістікке ауысса - вербалдану деп атайды.

Шылаулар да бір кездері жеке-дара қолданылатын дербес мағыналы атауыш сөздердің кейбіреулерінің мағыналары солғындап, дербестігінен айырылып, көмекші сөздерге айналуы нәтижесінде бірте-бірте қалыптасты, сөйтіп,жеке категория болды. Мысалы: шейін (шек+ін), сияқты (сиық+ты), бойы (бой+ы), жөнінде (жөн+ін+де), шамалы (шама+лы) деген септеулік шылаулар есімдермен тектес, ал дейін (де+й+ін), қарай (қара+й) тәріздi септеулік шылаулар етістіктермен тектес.

Қорыта келгенде, сөз таптары бірден емес, тілдің тарихи даму барысында біртіндеп сараланды, дамыды. Олардың әрқайсысы өзіндік жалпы категориялды мағынаға ие болады, морфологиялық жағынан тұлғаланады. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші арнайы формаларға ие болып, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруға икемделеді.

2. Сөз таптарының топтастырылуы

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар бар. Мәселен, А.А.Потебня, А.А.Шахматов,И.И.Мещанинов,В.В.Виноградов сияқты ғалымдар сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп қарайды. Бұлардың пікірінше, әрбір сөз табының мағынасы сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының жиынтығынан құралады.

Ф.Ф.Фортунатов болса сөз таптарын морфологиялық-грамматикалық (формальды-грамматикалық) категория деп қарайды. Ол сөздерді алдымен "түрленетін" және "түрленбейтін" (үстеу) сөздер деп топтастырады да, түрленетін сөздерді "септелетін" (зат есімдер), "жіктелетін" (етістіктер) сөздер деп, іштей тағы да жіктейді.

О.П.Суник пен А.А.Реформатскийлер сөз таптарын таза грамматикалық категория ретінде қарастырады. Мәселен, О.П.Суниктің пікірінше, тіл білімінде сөз таптарын топтастыруда негізге алынып жүрген заттылық (зат есімдерге тән), анықтауыштық немесе атрибутивтік (сын есімдерге тән), іс-әрекеттік немесе процессуальдық (етістіктерге тән) мағыналарды жалпы грамматикалық мағыналар деп қарап, бұларды басқа сөз таптарынан ажырататын белгілер деп есептейді.

Біздің ойымызша, сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп қарайтын ғалымдардың пікірлері дұрыс. Өйткені сөз таптары, шындығында да, бір-бірінен тек грамматикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге олар лексикалық мағынасы жағынан да ажыратылады. Мәселен, зат есімдер-

ге тән мағына - заттылық мағына, сын есімдерге тән мағына - атрибутивтік мағына, етістіктерге тән мағына - процессуальдық мағына. Бұлар - олардың сөз табы ретіндегі мағыналары. Бұл мағыналар әр сөз табына енетін күллі сөздердің бәріне ортақ. Сөз таптарына тән категорияльды (жалпылама ортақ) мағынаны сөздің лексикалық мағынасымен де, оның грамматикалық мағынасымен де шатастыруға болмайды. Сондықтан да, бұл мағына, яғни сөз таптарына тән жалпылама ортақ мағына тіл білімінде - жалпы категорияльды мағына деп аталынады (Ол сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының жалпылану арқылы бірігуінен жасалады).

Сонымен, сөз таптары бір-бірінен, біріншіден, жалпы категорияльды мағыналары жағынан ажыратылады, екіншіден, олар өздеріне тән грамматикалық белгілері арқылы (көптелу, жіктелу деген сияқты) ажыратылады. Грамматикалық белгілердің өзі екі түрлі. Оның бірі - морфологиялық белгі, екішісі - синтаксистік белгі.

Морфологиялық белгінің қатарына сөз тудыру формалары (жұрнақтар) мен сөз түрлендіру формалары (жалғаулар) енеді. Мысалы: етікші, өнім - зат есімдер; денелі, тұзды, айтқыш, тапқыш - сын есімдер; тағала, шегеле, қана, өрте - етістіктер. Бұлар - сөз тудырушы аффикстер арқылы жасалған сөздер. Ол аффикстер әр сөз табына телініп, олардың грамматикалық белгісі ретінде қызмет атқарып тұр. Ал **үйлер, қалаға, кішірек, келдік, барса** деген сөздер сөз түрлендіруші формалар арқылы жасалғандар. Бұл сөздердегі жалғаулар да жоғарыдағы жұрнақтар сияқты бір сөз табын екінші сөз табынан ажыратуға себепші болып тұр. Мысалы, осы сөздердегі -**лар**, -**ға** жалғаулары зат есімдерге тән болса, **-рек** сын есімге тән. Ал -**ді+к** пен -**са** жалғаулары етістіктерге тән. Бұлар - тиісті сөз таптарын сипаттайтын морфологиялық белгілер.

Сөйтіп морфологиялық белгі дегеніміз - бір сөз табындағы сөзді басқа сөз табындағы сөзден ажырататын грамматикалық формалардың белгі-

лі бір жүйесі. Ал синтаксистік белгі дегеніміз - белгілі бір сөз табына қатысты сөздердің сөйлемдегі қызметі яғни сөйлем мүшесі болу қызметі мен олардың басқа сөздермен тіркесу қабілеті. Айталық, зат есімдер сөйлемде етістіктермен тіркеседі де, бастауыш қызметін атқарады. Бұл оның жалпы категориялды мағынасы - заттылық мағына екендігімен байланысты.

Сын есімдер зат есімдермен емін-еркін тіркесе алады. Бұлай болуы заңды да. Өйткені сапа әрқашан затқа телулі болады. Осыған орай сын есімдер анықтауыш қызметінде, ал зат есімдер бастауыш немесе толықтауыш қызметінде жұмсалады. Бұл жердегі бағыныңқы мүше - сын есімдер.

Үстеулердің сөйлемдегі негізгі қызметі - пысықтауыш болу. Олар етістіктермен тіркесіп (олардың алдында тұрып), іс-әрекеттің сынын, мезгілін, күйін білдіреді. Етістіктердің негізгі қызметі - сөйлемде баяндауыш болу. Ол бастауыштың қимылын, іс-әрекетін білдіреді.

Бұл айтылғандарға қарап, зат есім тек бастауыш пен толықтауыш, сын есім - анықтауыш, үстеу - пысықтауыш, етістік - баяндауыш болудан басқа ешқандай сөйлем мүшелері бола алмайды екен деген ұғым тумасқа тиісті. Олар қолданылу ыңғайына қарай сөйлемде кез келген мүше бола алады. Бірақ жоғарғылардан басқа қызмет атқаруы - оларға тән басты қызмет емес, қолданылу ыңғайына қарай туған, екінші қатардағы қызметі.

Қорыта айтқанда: сөз таптары бір-бірінен 1) жалпы категориялды мағынасы, 2) морфологиялық және 3) синтаксистік белгілері арқылы ажыратылады.

2-модуль бойынша тест сұрақтары

---

1. Морфема дегеніміз не? Оларға не жатады?
2. Морфемалардың қандай түрлерін білесің?
3. Морфологиялық ұғымдарға не жатады?

4. Аффикстік морфемалардың қандай түрлері бар?
5. Түбірдің қандай түрлерін білесің?
6. Түбір мен негіздің айырмашылығы неде?
7. Морфемалар қандай мағыналарды білдіреді?
8. Дүние жүзі тілдерінде жұрнақтардың қандай түрлері бар?
9. Жалғау мен жұрнақтың айырмашылығы неде?
10. Артикльдер мен префикстер қандай тілдерге тән?
11. Грамматика нені зерттейді?
12. Грамматикалық бірліктерге не жатады?
13. Қандай грамматикалық тәсілдер бар? Олардың бір-бірінен айырмашылығы?
14. Қандай грамматикалық формалар бар? Олардың айырмашылықтары?
15. Қандай грамматикалық категориялар бар? Олардың бір-бірінен айырмашылығы?
16. Грамматикалық мағыналардың қандай түрлерін білесің?
17. Грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның қандай айырмашылықтары бар?
18. Сөз формаларының қандай түрлерін білесің? Олардың ерекшеліктері?
19. Ішкі және сыртқы флекция тәсілдеріне нелер жатады?
20. Каузатив қай тілдерге тән?
21. Сөздердің қандай сапалық өзгерістерін білесің?
22. Синтаксистік сөз тіркесінің белгілері?
23. Синтаксистік сөз тіркесінің өзі тектес басқа тіркестерден айырмашылығы?
24. Сөз тіркесінің қандай түрлері бар?
25. Байланыстың түріне қарай сөз тіркестерінің жіктелінуі
26. Басыңқы сөздің санына қарай сөз тіркестірінің жіктелінуі
27. Сөйлемге қандай белгілер тән?

28. Сөйлем болу үшін қандай шарттар керек?

29. Сөйлем мен сөз тіркесінің қандай айырмашылықтары бар?

30. Сөздің жалпы категорияльды мағынасы дегеніміз не?

31. Сөз таптарына қандай белгілер тән?

32. Сөз таптарының қайсысы бұрын шықты?

Сегізінші дәріс

ТІЛДЕРДІҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘСЕРЛЕРІ

1. Тілдің шығуы

Тілдің шығуы туралы сөз еткенде, ең алдымен, екі түрлі мәселені бір-бірімен ажыратып алу керек. Бірі - жалпы адам баласы тілінің шығуы, екіншісі - жеке, нақтылы тілдердің (мысалы, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің) шығуы туралы мәселе. Бұл екі мәселені бір-бірімен шатастырмаған жөн.

Адамзат тілінің шығуы сонау көне заманға, яғни алғашқы адамдардың пайда болу заманына барып тірелсе, жеке тілдердің шығуы содан кейінгі дәуірлерде болған нәрсе.

Тілдің шығуы туралы мәселе әр түрлі ойшылдардың назарын баяғыда-ақ өзіне аударып келген. Олар бұл мәселе туралы түрлі-түрлі пікірлер мен жорамалдар айтып, сан қилы байымдаулар жасады.

Сондай жорамалдардың бірі - **дыбысқа еліктеу теориясы.** Бұл теория ежелгі грек философиясынан басталады. Ол әсіресе 17-18 ғасырда кең өріс алды. Мұның өкілі - неміс философы Г.Лейбниц (1646-1716). Аталған теория тілдің шығуын былайша түсіндіреді: алғашқы адамдар жануарлардың дауыстарын, құстың сайрауын естіп, соларға еліктеуден әр түрлі дыбыс-

тарды шығарған. Содан алғашқы сөздер жасалып, олар заттардың атауына айналды дейді.

Түрлі тілдерде қарқ-қарқ, мияу-мияу, тарс-тарс тәрізді еліктеуіш сөздер бар екені рас. Бірақ бұған қарап тіл тек дыбысқа еліктеуден шықты деуге болмайды. Өйткені табиғатта дыбыс шығармайтын заттар да көп екені, олардың да атаулары бар екендігі даусыз.

Бұл теория тілдің пайда болуының әлеуметтік себебін ескермеді. Дыбысқа еліктеу теориясын жақтаушылар тілді "табиғат сыйы" деп қарайды. Ал шындығында тіл қоғамның жемісі. Ол қатынас жасау қажеттілігінен туған.

Тілдің шығуы туралы екінші теория - **эмоциональды теория**. Бұл теория 18-19 ғасырларда кең тараған. Оның жақтаушысы - Ж.Ж.Руссо (1712-1778). Ол "бір нәрсеге құштарлық алғашқы сөздерді шығарды", - деп жазды. Бұл да қате теория болатын.

Ж.Ж.Руссоның "эмоциональды теориясы" (19-20 ғасырларда) **одағай теориясына** келіп ұласты. Одағай теориясы бойынша, алғашқы адамдар айналадағы заттармен танысқанда өздерінің алған әсерлерін еріксіз шығарылған дыбыстар арқылы, яғни одағайлар арқылы білдірген. Сол эмоцияны білдіретін әр түрлі "еріксіз шығарылған дыбыстар" әлгі заттардың атауларына айналып, осыдан келіп тіл пайда болған.

Одағай теорияларын жақтаушылардың бірі - орыс лингвисі Д.Н.Кудрявский (1887-1920). Ол:"Одағайлар адамның ең алғашқы сөздері еді. Алғашқы сөздерде дыбыс пен мағына бір-бірінен бөлінбеген, бір тұтас болатын. Кейіннен олар бір-бірінен ажырасты", - дейді. Бұл теория да қате.

Оның қателігі мынада: Тілдердегі одағайлар әр түрлі эмоцияны білдіреді, бұл - рас. Бірақ сол одағайлар олардың аты болып саналмайды. Тіл-тілде эмоцияны білдіретін сөздерге қарағанда, эмоцияны білдірмейтін сөздер әлдеқайда көп. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені, тіл эмоция-

ны ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге, ең бастысы, қатынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқарады. Тіл пайда болғанда қатынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде пайда болған. Бұл теорияның иелері тілдің қоғамдық табиғатына мән бермеген.

Тілдің шығуы туралы теориялардың тағы бірі - **қоғамдық шарттасу теориясы**. Бұл теория бойынша алғашқы адамдар сөздерді өз ара келісе отырып (шарт жасасып), таңдап алған. Осыдан келіп тіл жасалған дейді. Тіл туралы келісу, шарттасу үшін, ол адамдардың бұрыннан тілі болуы керек қой. Олай болса, бұл теория да ешбір дәлелсіз.

Тілдің шығуы туралы бесінші теория - **еңбек айқайы теориясы** деп аталады (Мәселен, ауыр нәрсені көтергенде "ауп" дейміз ғой). Ол 19 ғ. шықты. Оны жасаушы - Людвиг Нуаре деген философ. Бұл теория бойынша, тіл алғашқы адамдардың еңбек ету кезінде шығарған рефлексті айқайларының негізінде пайда болған. Бұл теория да қате. Өйткені, тіл - қатынас құралы ретінде ғана шығады.

Адамзат тілінің пайда болу теориясының ғылыми негізін К.Маркс пен Ф.Энгельс жасады. Олар:"Тіл де сана сияқты басқа адамдармен қатынас жасау мұқтаждығынан және қажеттілігінен туды",- дейді ("Неміс идеологиясы", Шығ., 3 т.,29 б.). Яғни мұнда, біріншіден,тіл мен сананың (ойлаудың) бір-бірімен тығыз байланыстылығы және олардың бір мезетте шыққандығы, екіншіден, тілдің адамдардың бір-бірімен қатынас жасау қажеттілігінен келіп пайда болғандығы айтылған.

Тілдің шығуы туралы мәселе Ф.Энгельстің "Маймылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің ролі", "Семьяның, жеке меншіктің шығуы" деген еңбектерінде ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданып, бұл мәселе жайында материалистік теория әрі қарай дамытыла түсті. Ол еңбектерде тілдің шығуы жалпы адам баласының пайда болу мәселесімен тығыз байланыста қарастырылады.

Әуелі еңбек, онан соң тіл, екеуі екі жақтап адам баласы миының

дамуына күшті әсер етті. Ал мидың дамуы ойлаудың дамуына әсер етті. Ойлаудың (сананың) дамуы өз тарапынан еңбек пен тілге, олардың дамуына тағы да әсерін тигізді. Еңбек процесінде адам баласы қоғамының тууы - бұл үшеуінің (еңбек, тіл, сана) әрі қарай дами беруіне мүмкіндіктер мен жағдайлар жасады.

Қорыта келгенде, ұжымда бірлесе еңбек ету әрекеті өзара қатынас жасау қажеттілігін тудырды. Осыдан біртіндеп алғашқы сөздер туады, тіл мен ой пайда болады. Тіл мен ойлаудың шығуын алғашқы адамдар ұжымынан бөліп қарауға болмайды. Тіл еңбекпен бірге ұжымда туды. Тілдің пайда болуы ойлаудың пайда болуымен, тілдің дамуы ойлаудың дамуымен тығыз байланыста болады.

2. Тілдің дамуы

Тіл - қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болады.

Қоғам пайда болғаннан бері тіл қоғамға қатынас құралы ретінде қызмет етіп, оның дамуымен бірге дамып келеді. Қоғам және оның дамуы тілдің дамуына әсер етпей тұра алмайды. Солай бола тұрса да, тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз заңдары бойынша дамиды.

Тілдің дамуы туралы бірнеше қате көзқарастар болды. Мысалы, Н.Я.Марр тіл дамуының әр түрлі сатысы бар және ол сатылардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық формацияға (айталық, феодалдық қоғамға, капиталистік қоғамға) сай келеді деп есептеді.

Ағайынды Шлегельдер мен Гумбольдттың тілдің өткен дәуірін - классикалық дәуір, тілдің гүлденіп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер - тілдің азу, бүліну дәуірі деп есептеулері ешбір шындыққа жанаспайтын, мүлдем қате көзқарас.

Неміс лингвисі Август Шлейхер тілдің дамуының өсімдік пен хайуа-

наттардың өсіп дамуынан айрмашылығы жоқ,- деп есептейді. Шлейхердің пікірінше, тіл биологиялық организм сияқты туады, өседі, қартаяды; ақырында өледі.

Бұл да қате көзқарас. Тіл - биологиялық құбылыс емес, қоғамдық құбылыс. Осылай болғандықтан бұл екеуінің даму жолдары әр басқа. Тілдің дамуының өзіне тән заңдылықтары бар; тірі организмдердің дамуының өзіне тән заңдары бар. Демек, бұл екеуін бірдей деп есептеу қате.

Сонымен, тіл дамиды екен. Ендеше оның даму жолдары қандай?

Н.Я.Марр тілдің сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі, яғни дамуы революция жолымен, анықтап айтқанда, бар тілді жойып жіберіп, жаңа тіл жасау жолымен болады деп есептеді. Бұл қате теория болатын. Тілдің дамуы - бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін дамыту, жетілдіру жолымен, яғни эволюция жолымен, ішкі даму жолымен болады.

Тілдің ішкі даму заңдарына келмес бұрын, алдымен, тілдің заңдары - жалпы заңдар (общие законы) және жеке заңдар (частные законы) болып екіге бөлінетіндігін айтып алуымыз керек.

Жалпы заңдардың қатарына тілдің әр түрлі құрылымдық элементтерінің даму қарқынының біркелкі болмауын жатқызуға болады. Мысалға тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын алалық. Бұлардың даму қарқыны біркелкі емес. Сөздік құрам өзгеріске өте-мөте бейім болады. Ол қоғамдағы өзгерістерді тез қабылдайды. Ал грамматикалық құрылыс өте баяу өзгереді. Бұл - тіл атаулының барлығына бірдей тән, күллісіне ортақ жалпы заң.

Осылай бола тұрса да, бұл ортақ заңның әр түрлі нақтылы тілдерде жүзеге асуы түрліше болуы мүмкін. Өйткені ол тілдердің өздеріне тән заңдары болады. Сондықтан, күллі тілдерге ортақ заң жеке тілдерде өзінше дамуы орынды. Мұндай заңдарды тіл дамуының жеке ішкі заңдары деп атайды.

Тіл дамуының жеке заңын оның барлық саласынан, атап айтқанда: лексикасынан да, грамматикасынан да, фонетикасынан да табуға болады. Мысалы, сингармонизм заңы бүкіл түркі тілдерің фонетикасына ортақ. Бірақ сингармонизмнің түрлері әрбір түркі тілдерінде әр түрлі. Айталық, ерін сингармонизмі қазақ, қарақалпақ тілдеріне қарағанда, алтай, қырғыз тілдерінде әлдеқайда басым.

Тілдің фонетикасында, лексикасында, грамматикасында әр түрлі өзгерістер жасалып, тіл ұдайы даму күйінде болады. Мысалы, лексикологияда кейбір ескірген сөздер шығып қалып, оның есесіне көптеген жаңа сөздер қосылып отырады немесе сөздердің мағыналары өзгеріп жатады; шет тілден сөз ауысып келуі де мүмкін.

Грамматикада да сондай. Лексикаға қарағанда баяу болса да, тілдің грамматика саласында да өзгерістер болып, оның грамматикалық құрылысы жетіліп отырады. Мысалға **босқа**, **зорға** деген үстеулер есім сөздерге барыс септігінің қосылуынан жасалған. Сондай-ақ, қазіргі кезде **қабаған**, **төбеген** тәрізді сөздер сын есім болып саналады.

Өзгеру мен дамудың барысында дербес сөздердің көмекші сөздерге, ал көмекші сөздердің аффикстерге айналуы - әрбір тілдің тарихында кездесетін құбылыс. Бұл ретте **бара дұр**, **жүре дұр** тіркестерінен **барады**, **жүреді** формаларының, бара тұрған, келе тұрған тіркестерінен есімшенің **баратын**, **келетін** формаларының жасалуын мысалға келтіруге болады.

Тілдің даму барысында кейбір аффикстердің ықшамдалғанын байқаймыз. Мысалы: айтқанмын > айтқам, айтамын > айтам, барғанмын > барғам, барамын > барам т.б. Осылайша ықшамдалу сөз тіркестерінде де болады. Олар келе-келе бір-бірімен кірігіп, бір сөзге айналып кетеді. Мысалы: бұл күн > бүгін, бұл йыл/жыл > биыл, алып бер > әпер.

Қазіргі қазақ тілінде баяндауышы жатыс жалғаулы тұйық етістіктен жасалған сөйлем түрі бар. Мысалы: Ауыл шаруашылығы жекешелендіруде, бірінші семестр өтуде. Мұндай сөйлем бұрын болмайтын. Болса, **жекеше-**

жендіріл+іп жатыр, бірінші семестр өт+іп жатыр болып келетін. Жоғарғыдай баяндауыш формасы кейінгі кезде жасалып қалыптасқан.

Жай сөйлемнің инверсиялы түрі де кейінгі кездің жаңалығы. Мысалы: Сөйлеп тұрған Алматы; берілді осы анықтама (справка), т.б.

Тілдерде неге мұндай өзгерістер болады?

Оның себептері көп. Соның бірі - тілдердің қарым-қатынасы, өзара әсері.

3. Тілдердің өзара әсерлері

Тілдердің өзара әсері екі түрлі жолмен болады. Бір жолы - тоғысу түрінде, екінші жолы - тілдік элементтердің (сөздердің, сөйлем құрылысының) енуі түрінде.

Тілдердің тоғысу (этникалық топтардың бірігуі) процесінде субстрат деп аталатын құбылыс пайда болады. Бұл құбылыстың нәтижесінде жеңген тіл жеңілген тілден сөздер мен жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды қабылдайды. Сөйтіп, субстрат дегеніміз - жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементтері. Мысалы, қазіргі франция жерінде ертеде келт (галль) деген халық тұрған. Оларды римдіктер (французлар мен испандар) жаулап алды да, ол халықтың тілі жойылды. Бірақ қазіргі француз, испан тілдерінде сол жойылған келт тілдерінің кейбір элементтері сақталған. Кельт субстраты дегеніміз сол қалдық элементтер (Мысалы, француз тіліндегі И дыбысы).

Енді тілдердің өзара әсері нәтижесінде тілдік элементтердің енуіне (яғни екінші жолға) келелік.

Удмурттар (фин-угор тобы) мен татарлар (түркі тобы) баяғыдан қоныстас, көршілес өмір сүріп келеді. Сондықтан олардың тілі бір-біріне әсер еткен. Татар тіліндегі **дж** дыбысы удмурт тіліне ауысқан. Бұл дыбыс удмурт сияқты басқа фин-угор тілдерінде жоқ.

Басқа түркі тілдерінде ұяңнан басталатын сөздер чуваш тілінде қатаңнан басталады. Мысалы: бас - пус, бар - пур, дауыл - тавыл. Неге! Сөйтсек, ол көрші жатқан марий тілінің әсері екен. Ол тілде дауыссыздан басталатын сөздердің басқы дыбысы әр уақыт қатаңнан басталады.

Сондай-ақ, чуваш тілі марий тілінен көптік мағынаны білдіретін **-сем** деген аффиксті қабылдаған. Мысалы: чуваш тілінде **ял** "ауыл" - **ял+сем** "ауылдар". Бұл қосымша басқа түркі тілдерінде жоқ.

Керісінше, марий тілі чуваш тілінен сын есімнің салыстырмалы шырайының **-рақ** жұрнағын қабылдаған. Мысалы: марий тілінде **сай** "жақсы" - **сай+рақ** "жақсы+рақ*.

Тілдердің өзара әсері лексика саласында да жиі ұшырасады. Мысалы, түркі тілдерінде араб-парсы және орыс тілдерінен енген көптеген сөздер бар.

Әдетте, тілдің фонетикасы мен грамматикасы тұрақты болады. Жиірек өзгеретіні, ауысатыны - лексика саласы. Егер бір тілден екінші тілге дыбыс ене қалса, ол сөзбен бірге, сөздің құрамында ғана ене алады. Мысалға, орыс тілінен ауысқан 12 әріпті (дыбысты) келтіруге болады. Ол 12 дыбыс қазақ тілінің байырғы төл сөздерінде қолданылмайды.

Бір тілдің екінші тілге әсері морфологиядан гөрі синтаксисте көбірек аңғарылады. Бұған орыс тіліндегі үлгі бойынша қазақ тілінде оңашаланған айқындауыш мүшелі сөйлемдердің немесе әр түрлі қыстырма сөздері бар сөйлемдердің қалыптасуын мысалға келтіре аламыз. Мысалы: Тоғжанға Абай тағы бір рет, соңғы рет қарады (М.Әуезов).

Қорыта келгенде, тіл де дамиды. Бірақ оның өз даму жолдары бар. Лингвист болғысы келген адам алдымен тілдік заңдарды біліп алғаны жөн.

Тоғызыншы дәріс

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ (классификациясы)

Дүние жүзінде шамамен 5 мың тіл бар. Олардың ішінде тайпа тілдері де, халық тілдері де, ұлт тілдері де жоқ емес. Кейбір тілдер кең қолданылып, халықаралық тілдер дәрежесіне дейін жеткен. Олар: ағылшын, француз, испан, орыс, қытай, араб тілдері.

Тіл білімінде дүние жүзіндегі тілдерді екі түрлі тұрғыдан топтастырады: Біріншісі - тілдің шығу тегі тұрғысынан, яғни туыстығы, бір негіз тілден бөлініп шыққандығы тұрғысынан; екіншісі - шығу тегіне байланыстырылмай, грамматикалық құрылысы мен типінің ұқсастығы тұрғысынан. Топтастырудың бірінші түрі - тілдердің генеалогиялық топтастырылу, екінші түрі - типологиялық (немесе морфологиялық) топтастырылу деп аталынады.

1. Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеалогиялық) жағынан топтастырылуы

Дүние жүзіндегі тілдер өздерінің шығу тегінің бірлігіне, яғни туыстығына қарай әр түрлі семьяларға, топтарға бөлінеді.

Семья деген термин - шығу тегі бір, біртектес тілдердің бірнеше топтарының жиынтығы дегенді білдіреді. Ал топ деген термин - бір семьяға жататын, бірақ туыстығы басқаларға қарағанда тіптен жақын тілдерді білдіреді. Мысалы, түркі тілдері өзара туыстас тілдер. Олар жалпы түркілік бір негізден шыққан. Сондықтан оларды түркі тілдер семьясы деп

атаймыз. Ал роман тілдері индоевропа тілдер семьясына жатады. Оның ішінде өздері бір негізден, яғни латын тілінен шыққандықтан олар роман тілдері тобын құрайды.

Тілдердің туыстығы, өзара жақындық дәрежесі әр түрлі болады. Туыстас тілдердің кейбіреулері бір-бірімен өте жақын болуы мүмкін, кейбіреулері алшағырақ болуы мүмкін. Мысалы, бір ғана индоевропа тілдер семьясына жататын тілдердің бәрі де туыстас тілдер. Алайда бұлардың бір-біріне жақындық дәрежесі біркелкі емес. Сондықтан да, олар өз ішінде 1) славян тілдері, 2) роман тілдері, 3) герман тілдері, 4) индия тілдері, 5) иран тілдері деп аталатын топтарға бөлінеді.

Осы топтардың әрқайсысына енетін тілдердің де өзара жақындық дәрежесі әр түрлі болады. Мысалы, бір ғана славян тобына жататын орыс тілі мен чех тілінің жақындық, ұқсастық жақтарына қарағанда, орыс, украин, белорус тілдерінің өзара жақындық, ұқсастық жақтары әлдеқайда мол. Осындай белгілеріне қарап жоғарыда аталған топтардың әрқайсысы өз ішінде тағы да бірнеше кіші топтарға (подгруппаға) бөлінеді. Мысалы, славян тілдер тобы өз ішінде 1) шығыс славян, 2) оңтүстік славян, 3) батыс славян тілдері болып үш кіші топқа бөлінеді. Түркі тілдер семьясына жататын тілдер де өз ішінде осылай үлкен топтар мен кіші топтарға жіктеліне алады.

Сөйтіп, туыстас тілдердің бір-бірімен жақындығы, ұқсастығы бірдей бола бермейді екен. Олардың ішінде негізгі сөздік қоры мен фонетикалық жүйесі және грамматикалық құрылысы жағынан бір-біріне өте жақын, ортақ белгілері көп тілдер де болады, керісінше, айырым жақтары молырақ, демек ортақ белгілері азырақ тілдер де болады.

Шығу тегі, туыстығы жағынан топтастыру бойынша дүние жүзіндегі тілдер былайша жіктелінеді:

I. **Индоевропа семьясы.** Бұған туыстас тілдердің төменгі топтары енеді:

1. Индия тобы. Бұл топқа енетін тілдер: бенгал тілі (Индия мен Пакистанда), пенджаб тілі (Индия мен Пакистанда), синдх тілі (Индия мен Пакистанда), сингаль тілі (Шри-Ланкада), непал тілі (Непал), урду тілі (Пакистанда), хинди тілі (Индия), цыған тілі.

2. Иран тобы. Бұл топқа мына тілдер енеді: парсы тілі (Иран), пушту тілі (Ауғанстан), тәжік тілі, курд тілі (Туркия, Иран, Ирак, Азерб.), осетин тілі т.б.

3. Славян тобы. Бұл топ жоғарыда айттық,өз ішінде үш топқа бөлінеді: а) Шығыс славян тілдері (орыс, украин, белорус), ә) Оңтүстік славян тілдері (болгар, македон, серб, хорват, словен), б) Батыс славян тілдері (чех,словак, поляк).

4. Балтық тобы (литва, латыш тілдері).

5. Герман тобы. Бұлар да іштей үш топқа бөлінеді: а) Солтүстік герман (скандинав) тілдері (дат, швед, норвеж, ислан); ә) Батыс герман тілдері (ағыл., голланд); б) Шығыс герман тілдері (неміс тілі, өлі тілдер: вестгот, остгот тілдері).

6. Роман тобы. Бұл топқа енетін тілдер: франц., итальян, испан, португаль, румын, молдаван тілдері; өлі тіл - латын тілі.

7. Кельт тобы (ирланд, шотлан; өлі тіл - галль).

8. Грек тобы (грек тілі).

9. Албан тобы (албан тілі).

10. Армян тобы (армян тілі).

II. Семит-Хамит тілдері семьясы.

1. Семит тобы (араб, иврит тілі - Израиль еврейлерінің тілі).

2. Египед тобы (көне египет тілі).

III. Кавказ тілдері семьясы. Бұларға жататын тілдер: грузин, аб-

хаз, адыгей, кабардин, чечен, ингуш, дағыстан, авар, лезгин.

IV. Фин-угор тілдері семьясы. Бұлар екі топқа бөлінеді:

1.Угор тобы (венгер - угор деген осы, манси тілі, ханти тілі - бұл екеуі Россия Федерациясында).

2.Фин тобы (фин тілі, карель тілі, коми-зырян тілі, удмурт тілі, марий тілі).

V. Түркі тілдері семьясы. Бұлар ең алдымен 1) Батыс хун бұтағы және 2) Шығыс хун бұтағы деп, екіге топтастырады:

А.Батыс хун бұтағы төртке бөлінеді:

1. Булгар тобы (чуваш).
2. Оғыз тобы (түрікмен, гагауз, әзерб., түрік).
3. Қыпшақ тобы (караим, құмық, қарачай, балқар, қырым татарлары, татар, башқұрт, ноғай, қ-қалпақ, қазақ).
4. Қарлұқ тобы (өзбек, ұйғыр).

Б. Шығыс хун бұтағы екіге бөлінеді:

1. Ұйғыр-оғыз тобы (тува, якут, хакас, шор).
2. Қырғыз-қыпшақ тобы (қырғыз, алтай).

VI. Моңғол тілдері семьясы. Оған мына тілдер енеді: моңғол, бурят, қалмақ.

VII. Тунгус-маньчжур тілдері семьясы. Бұл тілдер екі топқа бөлінеді.

1.Тунгус тобы (эвенк, эвен).

2. Маньчжур тобы (нанай, удэгей, ульч т.б.).

VIII. Қытай-тибет тілдері семьясы. Бұл да екі топқа бөлінеді:

1. Тай-қытай тобы (қытай, дунген, таи, лаос, ветнам).

2. Тибет-бирма тобы (тибет, бирма).

Бұл семьялардың ешқайсысына жатпайтын тілдер бар. Олар: жапон, корей, т.б. тілдері. Себебі бұлар әлі түгел зерттеліп біткен жоқ.

2. Тілдердің құрылымдық ерекшеліктері (типологиялық) жағынан топтастырылуы

Құрылымдық яғни морфологиялық ұқсастық бір негізден тараған туыстас тілдердің арасында ғана емес, сонымен бірге, әр басқа негізден тараған тілдердің арасында да бола беруі мүмкін. Басқаша айтқанда, шығу тегі жағынан әр басқа тілдердің арасында да құрылымдық яғни морфологиялық ұқсастық болады.

Мұны түсіну үшін, ең алдымен, әр түрлі тілдердегі грамматикалық мағыналарды білдіру тәсілдеріне, сөз, сөйлем құрамындағы мағыналық бөлшектердің өзара байланысу сипаттарына, яғни синтаксистік қатынастардың берілу әдістеріне көңіл қою керек. Мысалға "М.Әуезовтың кітабын мен туыстарымнан алдым" деген сөйлемді оның "Книги М.Ауэзова я взял у родственников" деген орысшасымен салыстырып көрелік. Мұндағы туғыс+тар+ым+нан деген мен у род+ствен+ник+ов дегендерге көңіл қойсақ, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен байланысу тәсілдері, грамматикалық мағыналарды білдіру әдістері әр түрлі екенін байқауға болады. Анығырақ айтсақ, орыс тілінде грамматикалық мағыналар ішкі флекция арқылы да, сыртқы флекция арқылы да (Мыс: И. что? окно́-о́кна, Р.чего? окна́ - о́кон; Д. чему? окну-о́кнам; В.что? окно́-окна́; Т. чем? окном - окнами; П. о чем? о окне- об окнах) беріледі.

Ал қытай тілінде "Жаңа үй+де терезе+лер жоқ" деген ұғым "Терезе

үй жаңа жоқ" деген формада айтылады. Өйткені бұл тілде сөздер түрленбейді. Олардың арасындағы синтаксистік байланыс екпін немесе интонация арқылы, орын тәртібі, көмекші сөздер арқылы белгілі болады.

Осы айтылған құрылымдық ерекшеліктеріне қарай дүние жүзі тілдері мынандай типтерге бөлінеді:

1. Жалғамалы (агглютинативті) тип. Бұлардың қатарына түркі тілдері, монғол тілдері, угоро-фин тілдері жатады. Бұл тілдерге тән негізгі қасиеттер: 1) Грамматикалық мағыналар түбірге қосымшалардың (аффикстердің) жалғануы арқылы беріледі;2) Қосымшалардың әрқайсысы көбінесе бір ғана грамматикалық мағынаны білдіреді; 3) Ол қосымшалар бірінің үстіне бірі жалғана береді; 4) Қанша қосымша қосылғанмен сөз түбірінің дыбыстық құрамы өзгермейді (сол күйінде қалады). Мыс.: үй+ім+нің терезе+лер+і.

2. Даралаушы (аморфты) тип. Яғни сөздерге қосымша (жалғау, жұрнақ) жалғамай, түбір күйінде қолданылатын тілдер. Бұларды кейде түбір тілдер деп те атай береді. Даралаушы типке қытай, ветнам, бирма, тай, тибет, малайя-полинезей тілдері жатады.

Бұл тілдерге тән қасиеттер:1) жоғарыда аталғандай түбірге қосымшалар қосылмайды (яғни сөздер түрлене бермейді); 2) сондықтан ол тілдерде омоним сөздер көп (мол) болады; 3) олар бір-бірінен музыкалық екпін арқылы ажыратылады; 4) синтаксистік жағынан негізгі тәсіл - қабысу (қой қора, көк терек, мың қой, ана кісі, тез келді); 5) синтаксистік қатынастар сөздердің орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі; 6) сөз тудырудың ең басты тәсілі - біріктіру.

3. Қопарылмалы (флективті) тип. Бұған орыс, неміс, араб, грек тілдері енеді. Бұл тілдерге тән қасиеттер: 1) Грамматикалық мағыналар негізінен ішкі флексия арқылы беріледі. Мыс.: Он шел - она шла; Я ем - ты ешь, он (она) ест. Я бегу, ты бежишь, он бежит. 2) Сонымен бірге, грамматикалық мағыналар сыртқы флексия арқылы да беріледі.

Мысалы:

И. что? книг+а, книг+и

Р. чего? книг+и, книг

Д. чему? книг+е, книг+ам

В. что? книг+у, книг+и

Т. чем? книг+ой, книг+ами

П. о чем? о книг+е, книг+ах

3) Жалғаулы тілдерде қосымшалар көбінесе дара мағыналы болып, бір ғана қызмет атқарса, қопарылмалы тілдерде бір қосымша бірнеше грамматикалық мағына білдіріп, әр түрлі қызмет атқарады. Мысалы: **книг+и** дегендегі **и** жалғауы әрі атау септікті, әрі көптікті, әрі родит. падеж. (нет чего?) бен ед.числоны, әрі вин.падеж.(вижу что?) бен множ.числоны білдіреді; 4) флективті тілдерде аффикстер сөздің түбіріне сіңісіп кетеді де, олар аффикссіз дербес қолданыла алмайды. Мыс.: пис+ать, пись+мо, пис+ание; дет+и, дет+ство, дет+ский; 5) флективті тілдерде аффикстер префикс, суффикс, инфикс болып бөлінуіне қарай олар сөз құрамында әр түрлі орынға (басында, ортасында, аяғында) ие болады. Мыс.:

	по		-кетті
	при		-келді
	во		-кірді
Он (она, они)	вы	> шел (шла, шли)	-шықты
	до		-жетті
	на		-тапты
	за		-келіп кірді
	пере		-жүріп өтті

4. Полисинтетикалық немесе инкорпоративті тип. Бұған полеазият (чукот, коряк, нивх, ительмен, юкагир) тілдері мен америкалық индеецтердің тілдері жатады.

Бұлардың ерекшелігі: жоғарыда аталған үш түрлі типтегі тілдерде сөйлем арқылы белгілі болатын синтаксистік қатынастар бұл тілдерде бір сөзбен беріле алады. Мысалы "мен семіз бұғыларды ғана өлтіремін" деген сөйлемді чукот тілінде ты+ата+каа+нмы+ркын деген жалғыз сөзбен береді. Мұндағы **ты** - бірінші жақтың көрсеткіші, **ркын** - етістіктің жұрнағы, ал басқалары есім түбірлер.

Бұл құрылымдық тип бойынша, бір сөз (негіз) екінші бір сөздің негізі мен қосымшасының (немесе префикс пен негіздің) арасына сыналанып, қыстырылып кіреді де, синтаксистік топ құрайды. Мақсаты - өлгі бірліктердің арасындағы синтаксистік қатынастарды білдіру. Мұндайда аффикстік морфема өзінің негізінен бөлініп қалса да, бұрынғы қызметін атқара береді.

Ұзын сөздің қысқасы, тілдің типін анықтау, сайып келгенде, оның құрылысын айқындау болып шығады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тіліне синтетикалық тәсіл (афиксация, сыртқы флекция), қытай тіліне аналитикалық тәсіл (екпін, сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, интонация) тән екен. Ал орыс тілінде екеуі де (ішкі флекция мен сыртқы флекция, екпін, көмекші сөздер т.б.) бар. Яғни онда синтетикалық құбылыс та (афиксация), аналитикалық құбылыс та (ішкі флекция) кездеседі.

Олай болса, грамматикалық құрылысына қарай тілдер негізінен 1) синтетикалық тілдер, 2) аналитикалық тілдер болып екіге бөлінеді екен. Синтетикалық тілдерде грамматикалық мағыналар (немесе синтаксистік қатынастар) сөздердің түрленуі арқылы беріледі, яғни сөздер ішкі, сыртқы флексияға ұшырап барып, бір-бірімен байланысады. Мұндай қасиет әсіресе литва, неміс, түркі, славян тілдеріне тән. Ал аналитикалық тілдерде грамматикалық мағыналар (синтаксистік қатынастар) сөздердің формалары

арқылы емес, олардың орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі. Бұл қасиет әсіресе ағылшын, француз, болгар, дат, грек тілдеріне тән.

Әрине, бұлай бөлу шартты нәрсе. Өйткені бұл тілдердің көпшілігінде грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі әрі синтетикалық, әрі аналитикалық болып келеді. Рас, бір тілдерде синтетикалық тәсіл басым, екіншілерінде аналитикалық тәсіл басым. Қай тәсіл басым болса, әлгі тілді сол типке жатқызамыз.

Оныншы дәріс

ЖАЗУДЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ

Жазудың өмірде атқаратын рөлі зор. Оның да шығу, даму тарихы бар. Жазу адамдардың кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Ал ауызекі тіл туралы мұны айта алмайсың. Өйткені сөйлесу жүзбе-жүз кездесккенде ғана болатын нәрсе. Жазу арқылы алыста жатып та, жақын тұрып та "сөйлесе" беруге болады. Жазусыз мәдениет атаулыны, өркениет атаулыны көзге елестету қиын. Олай болса, жазудың шығуын өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың бірі деп есептеу керек.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Қазір біз жазуды сөздердің әріптер тіркесімен белгіленуі деп түсінеміз. Бірақ ол алғашында бұлай болмаған. Сөзді әріппен (дыбыспен) таңбалау кейінірек пайда болды. Оған дейін жазу (таңба) не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не жеке буынды белгілеген. Осыған орай жазудың мынандай түрлері бар: 1) пиктографиялық жазу, 2) идеографиялық жазу, 3) буын жазуы, 4) әріптік немесе дыбыстық жазу.

1. Пиктографиялық (суретті) жазу

Бұл - жазудың ең алғашқы түрі. Ол суретке негізделген. Сондықтан мұны кейде суретті жазу деп те атай береді. Пиктографиялық жазудың таңбалары - суреттер. Әрбір сурет (пиктограмма) өздігінен бүтіндей хабарды білдіре алады. Мәселен, қолына садақ ұстаған адамның суреті - "мен аңшымын","аң аулауға бара жатырмын","аң аулап тіршілік етемін" дегендерді білдіреді. Мұндай жазуды әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар да түсінетін болған. Оның шыққан мерзімі тым көне дәуірге (неолит дәуіріне) барып тіреледі.

Пиктографиялық жазу тәсілін (жұрнағын) қазір де кездестіреміз. Мысалы, полисинкретикалық тілдерде сөйлейтін халықтардың жазуы басқалармен салыстырғанда осы пиктографиялық жазуға жақындау келеді. Қазіргі кезде жиі қолданылатын, көшеде жүрудің тәртібін білдіретін әр түрлі белгілердің, дүкендер мен шеберханалардың маңдайшаларындағы бас киімнің, аяқ киімнің, сағаттың суреттерінде пиктографиялық сипат бар.

Пиктографиялық жазудың кемшілігі: Пиктограммалар өте күрделі болады. Сондықтан да, адам ойының бәрін суретпен (пиктографиялық жазумен) жеткізе алмайсың. Жеткізген күнде де ол графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Әсіресе онымен абстракты мағыналы сөздерді (сын есімдер мен етістіктерді) таңбалау өте қиын.

Мұндайда ол образды-символдық сипаты бар бейнелерді пайдалануға мәжбүр болады. Мысалы: ^^^^^ - "су", аяқтың аттату бейнесі - "жүру", нан + ауыз -"жеу", құс + жұмыртқа -"туу" т.б.

2. Идеографиялық немесе логографиялық жазу

Бұл - пиктографиялық жазудың біртіндеп дамуы, жетілуі нәтижесінде

пайда болған жазу. Егер пиктографиялық жазу бүкіл сөйлемді (хабарды) білдірсе, идеографиялық жазу бүтіндей бір сөзді бір-ақ таңбамен белгілейді. Алғашында суретпен (пиктограммамен) белгіленіп жүрген нәрселер жазудың даму барысында біртіндеп одан алшақтап, ақырында олар белгіленетін заттың сыртқы формасына дәлме-дәл негізделуден қалып, соған ұқсас шартты таңбалар ретінде қолданыла бастаған. Ондай таңбалар идеограммалар деп аталынады. Идеограмманың пиктограммадан ең басты айырмашылығы таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында. Жоғарыда айттық, егер пиктографиялық таңба бүтіндей бір сөйлемді белгілесе, идеографиялық таңба бір сөзді немесе сөздің түбірін не негізін белгілейді.

Ертедегі шумер, египет, қытай жазулары әрбір идеографиялық таңбаның белгілі бір түбір сөзге немесе түбір морфемаға сәйкес келіп, соған телінуіне негізделген. Бұл тілдердегі идеографиялық таңбалар сөздің дыбысталуын емес, мағынасын білдіреді (Сондықтан да,аталған тілдердегі омонимдер әр түрлі иероглифтермен белгіленеді).

Осы жағынан алып қарағанда, идеографиялық жазудағы графикалық таңбалар цифрлар тәрізді. Айталық, 1,2,3 деген т.б. цифрлардың сандық мағынасын барлық халық бірдей ұғынады, бірақ бұлардың дыбысталуы әр халықта әр басқа.

Дүние жүзі тілдерінің ішінде идеографиялық жазудың дамуына қолайлы тілдер ретінде, әдетте, түбір тілдер (мәселен, қытай, ацтек, америкалық индеец т.б.) аталынады. Өйткені түбір тілдерде сөз грамматикалық жақтан өзгеріске көп түсе бермейді.

Идеографиялық жазудың үлгілерін қазіргі кездегі математика, химия, физика терминдерінің ішінен де кездестіруге болады. Мысалы: + - "қосу", = - "тең", N - "түбір", H -"сутек", F -"күш" т.б.

Идеографиялық жазудың жетіле түскен түрі - морфема-идеографиялық жазу. Бұл жазудың ұстанымы (принципі) бойынша, таңбалар бүтіндей сөзді емес, оның құрамына енетін морфемаларды белгілейді. Осы ерекшелігіне

орай ол морфемаларды белгілейтін таңбалар морфемаграммалар деп аталынады. Қазіргі қытай иероглифі морфема-идеографиялық жазу болып табылады.

Бұл тұрғыдан идеограммаларды екі түрге бөліп қарауға болады. Оның біріншісі - сөздердің мағыналарымен тікелей байланысты болса, екіншісі - сөздердің фонетикалық жағымен байланысты. Осыған сәйкес біріншісін - идеографиялық иероглифтер (идеограммалар), екіншісін - фонетикалық иероглифтер (фонограммалар) деп атайды. Айырмашылықтары - идеограммалар көбінесі синоним сөздерді белгілеу үшін қолданылса, фонограммалар омонимдерді белгілеу үшін қолданылады. Сөздерді дәлме-дәл белгілеу үшін, идеографиялық жазудың бұл екі түр-тармағы, әдетте, бір-бірімен ұштастырылып жұмсалынады.

Енді идеографиялық жазу қоғам дамуының қай дәуірінде пайда болған? - дегенге келелік. Ғалымдардың айтуына қарағанда, бұл жазудың пайда болуы құл иелену дәуіріне сай келеді. Өйткені бұл дәуір мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың, сауда-саттықтың күшейген кезі болатын.

Идеографиялық жазудың бірсыпыра кемшіліктері бар. Олар: идеограммалар өзі белгілеген сөздің дыбысталуын білдіре алмайды; идеограммалар көп болады және күрделі болады; идеографиялық жазу грамматикалық формаларды белгілеуге келгенде өте икемсіз келеді.

Соңына қарай айтарымыз: Кейбір ғалымдар идеографияны логографиялық (гр. Loqos "сөз" - qrapho "жазамын") жазу деп атаған дәл болар еді) - дейді. Осыған орай олар идеограмманы логограмма деп атағанды жөн көреді.

3. Буын жазуы

Идеографиялық немесе логографиялық жазудың даму барысында буын

жазуы пайда болды. Бұл жазудың шығуына, біріншіден, бұған дейін қолданылып келген идеографиялық таңбалар аффикстерді, әсіресе шетел сөздерін, кісі, қала аттарын таңбалауға икемсіз болуы, екіншіден, ол идеографиялық таңбалардың саны көп болып, оларды меңгерудің қиынға соққандығы себеп болды. Оның үстіне біраз тілдердің (мәселен, шумер, жапон т.б.) морфологиялық құрылысы да (сөздің түбіріне аффикстердің агглютинативті ұстаным бойынша жалғануы) буын жазуын қажет етті.

Буын таңбалары ең алғашында бір буынды сөздерді белгілейтін идеографиялық таңбалардың негізінде жасалғанымен, кейіннен олар көп буынды сөздердің өздерімен яғни (бір буынды сөздермен) ұқсас дыбысталатын бөлшегін (буынын) белгілейтін болған. Сөйтіп, ол таңбалар дербес сөздердің таңбасы емес, буынның таңбасы ретінде ұғынылған. Мысалы, идеографиялық-фонетикалық жазу бойынша, яғни фонетикалық иероглиф бойынша шумер тілінде "садақтың оғы" дегенді **ti** деп белгілесе, осы таңба кейіннен (біздің заманға дейінгі үш мың жылдықтың ортасында) сөз құрамындағы **ti** деген буынды да таңбалау үшін қолданылатын болды.

Олай болса, буын жазуында таңба сөзді емес, сөздің буынын белгілейді. Айталық, буын дара дауысты болса - Г (шумер тілінде: **e** -"үй", **i** - "бес"), дауысты мен дауыссыздың қосындысы болса - ГС (**as** - "бір", **an** - "аспан"), керісінше дауыссыз бен дауыстының қосындысы болса - СГ (**su** - "қол", **lu** - "адам"), болмаса дауыссыз+дауысты+дауыссыз болса - СГС (**kur** -"ел") деген сияқты. Жазудың мұндай жүйесін ертедегі ассирия, вавилон, крит, кипр, эпиопия, үнді, жапон тілдері пайдаланған.

Идеографиялық жазуға қарағанда буын жазуы оқыту үшін де, қолдану үшін де қолайлырақ болды. Бұл жазудағы таңбалардың саны да жоғарғылармен салыстырғанда аздау. Егер идеографиялық жазуда мыңдаған таңбалар болса (тілде қанша сөз болса, сонша таңба), жазудың буындық жүйесінде ол 50-60-қа дейін (кейде 200-ге дейін) кеміген. Буын жазуы сөзді, әсіресе оның грамматикалық формаларын дәл беруге икемді келеді.

4. Әріп (дыбыс) жазуы

Әріп жазуы буын жазуынан кейін пайда болды. Ғалымдар бұл жазудың шығуы "біздің заманымызға дейінгі бір мың жылдықтың басында", - дегенді айтады.

Әріп жазуының шығуына және дүние жүзіне кең таралуына оның қарапайымдылығы, сөздердің дыбысталуын дәл беретіндігі, әр түрлі тілдерге қолайлығы себеп болды деуімізге болады.

Әрине, қазіргі кезде қолданылып жүрген әріп жазуына адамзат баласы бірден келе қойған жоқ. Ол алғашында консонантты-дыбыстық жазу болды (Мысалы, финикий, египет, арамей жазулары). Бұл ұстаным бойынша, таңбалар сөздегі дауыссыз дыбыстар мен жартылай дауыстыларды ғана белгілеп, ал толық дауыстылар ешбір әріппен таңбаланбаған. Кейіннен, жазудың даму барысында, біртіндеп дауысты дыбыстар да белгіленетін болды. Біреулер олардың әрқайсысын сөздегі өз орындарына қойып жазатын болса (мысалы, грек жазуы), екіншілер дауыстыларды дауыссыздардың асты-үстіне тиісті диакритикалық таңбаларды қою арқылы белгіледі (мысалы, араб жазуы).

Зерттеушілер ең алғашқы таза консонантты-дыбыстық жазу деп финикий жазуын атайды. Онда 22 таңба болған. Бұлардың әрқайсысы жеке дыбыстарды таңбалаған. Олар өздерінен кейінгі вокалды-дыбыстық жазу жүйелерінің жасалуына негіз болды (Біз бұл жерде вокалды-дыбыстық жазу деп - тек дауыссыздарды ғана емес, сонымен бірге, дауысты дыбыстарды да жеке таңбалармен белгілеген жазуды айтып отырмыз).

Әріп жазуы бір елден екінші елге ауысып отырған. Мәселен, жоғарыда аталған финикий әліпбиінің негізінде грек әліпбиі, грек әліпбиінің негізінде латын әліпбиі, латын әліпбиінің негізінде бүкіл Батыс Еуропа халықтарының әліпбилері жасалды. Ал шығыс халықтарының (араб, иран,

еврей т.б.) жазуы арамей әліпбиінің негізінде пайда болды.

Ескерте кететін нәрсе, әліпби бір халықтан екінші халыққа ауысқан кезінде негізінен әр тілдің дыбыстық ерекшеліктерін көрсететін қосымша әріптерді қосып алып отырған. Мысалы, грек әліпбиінің негізінде жасалған славян әліпбиін түзу үстінде ағайынды Кириллдер (863 жылы) гректерден 24 әріп алған да, оның үстіне славян тілдерінің ерекшеліктерін көрсететін 19 әріпті қосқан (Бәрі 43 әріп). Сөйтіп, олар грек жазуын өз тілдеріне дәл келетіндей етіп ыңғайластырған. Орыс әліпбиі осы аталған славян әліпбиінің заңды жалғасы болып саналады.

Ал Батыс Еуропа халықтарының латынға негізделген әліпбилері жайында мұны айта алмайсың. Өйткені олар тілдерінің дыбыстық құрамының әр түрлі болуына қарамастан, байырғы латын әліпбиін сол күйінде, яғни ешбір өзгеріссіз, толықтырусыз қабылдаған. Бұлардың үстіне әліпби иелері тек W,j деген екі-ақ жартылай дауысты дыбыстың әрпін қосқан. Соның салдарынан Батыс Еуропа тілдерінің дыбыстық құрамы мен әліпбиінің арасында алшақтық пайда болды. Мысалы, ағылшын тілінде (дифтонгтарды қоспағанда) - 15 дауысты, 15 дауыссыз, француз тілінде 17 дауысты, 18 дауыссыз, неміс тілінде 16 дауысты, 21 дауыссыз дыбыс бар. Дыбыстардың осыншама мол түрін белгілейтін әлгі тілдердің әліпбиінде тек 26 ғана әріп қолданылады. Оның алтауы ддауыстыларды, жиырмасы дауыссыздарды таңбалайды. Аталған тілдердегі біраз сөздердің бір түрлі жазылып, екінші түрлі айтылатын себебі сондықтан.

Түркі халықтары болса, оған дейін руна жазуын пайдаланып келгенімен орта ғасырдан бастап араб әліпбиін қолдана бастады. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов оны 1910-15 жылдары өз тілімізге ыңғайлап, қайта жасаған болатын. Амал не, қуйтұрқы саясаттың кесірінен ол әліпбиіміз 1929 жылы латынға, ал 1940 жылы кириллицаға көшірілді. Сөйтіп, қысқа уақыттың ішінде біздің әліпбиіміз өз еркімізден тыс бір емес, әлденеше рет өзгеріске ұшырады. Бұл, әрине, жазу- сызуымыздың дамуына, қалыптасуына кесірін тигізбей

қойған жоқ.

Қысқасы, әріп (дыбыс) жазуының пайда болуының дүние жүзілік мәдениеттің дамуы үшін маңызы үлкен болды. Өйткені бұл жазу - жазу жүйелерінің ішіндегі ең ыңғайлысы. Тілдердің қайсысында болса да, ондағы сөздердің саны мен буын санынан дыбыстардың саны әлдеқайда аз. Осыған орай, әдетте, дыбыстарды таңбалау үшін 20-дан 40-қа дейінгі таңба санының өзі жеткілікті болады. Әріп таңбаларының мұндай шағын мөлшері жазуды меңгеруді, сауаттылыққа үйренуді жеңілдетеді. Бұл жазу, әсіресе, сөздердің дыбыстық жағы мен олардың грамматикалық формаларын дәлме-дәл беруде өте-мөте қолайлы.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандардан жазудың бірнеше түрлерінің бар екендігін және олардың ұзақ тарихы болғандығын көреміз. Сонымен бірге, жазу өте ерте замандарда шығып, мыңдаған жылдар бойы біртіндеп өзгеріп, дамып, жетіліп отырғандығын байқауға болады.

3- модуль бойынша тест сұрақтары

1. Адамзат тілі қашан шықты? Оның туу себептері не?
2. Дыбысқа еліктеу теориясы дегеніміз не? Оның өкілі кім?
3. Дыбысқа еліктеу теориясының кемшілігі неде?
4. Эмоциональды теория дегеніміз не? Ол қашан шықты?
5. Эмоциональды теорияның өкілі кім?
6. Одағай теориясы дегеніміз не? Оның өкілі кім?
7. Одағай теориясының қателігі неде?
8. Қоғамдық шарттасу теориясы дегеніміз не?
9. Еңбек айқайы теориясы дегеніміз не?
10. Еңбек айқайы теориясы қашан шықты? Оның өкілі кім?
11. Адамзат тілі пайда болуының ғылыми теориясы
12. Тілдің өзіндік ішкі даму заңы дегеніміз не?

13. Тілдің дамуы туралы қандай көзқарастарды білесіз?
14. Тіл дамуының қандай жолдарын білесіз?
15. Тілдің сатылық даму теориясы дегеніміз не?
16. Тілдің қай саласы өзгеріске (дамуға) бейім тұрады?
17. Тілдің жалпы заңдары мен жеке заңдарына нелер жатады?
18. Тілдердің бір-біріне қандай әсерлері болады?
19. Адстрат, субстрат, суперстрат дегеніміз не?
20. Тілдің шығу тегі жағынан топтастырылуы
21. Тілдің құрылымдық ерекшеліктері жағынан топтастырылуы
22. Жалғамалы (агглютинативті) тілдерге қандай қасиеттер тән?
23. Түбір (аморфты) тілдерге қандай қасиеттер тән?
24. Қопарылмалы (флективті) тілдерге қандай қасиеттер тән?
25. Полисинтетикалық (инкорпоративті) тілдерге қандай қасиеттер тән?
26. Жазудың қандай түрлерін білесің? Олардың бір-бірінен айырмашылықтары?

Әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1973,1978,1993.
2. Хасенов Ә.Тіл біліміне кіріспе. А., 1990
3. Хасенов Ә. Тіл білімі. А., 1996
4. Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. А., 1985
5. Головин Б.Н. Введение в языкознание. М.,1973, 1977, 1980.
6. Кодухов В.И. Введение в языкознание.М.,1979,1987.
7. Маслов Ю.С. Введение в языкознание. М.,1975,1987.
8. Перетрухин В.Н. Введение в языкознание. М.,1960,1973.
9. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М.,1967.
10. Широков О.С. Введение в языкознание. М.,1985.
11. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М.,1966.
12. Розенталь Д.Э.,Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов.М.,1976.
13. Кеңесбаев І.,Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. А.,1966.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3
"Тіл біліміне кіріспе" пәнінің бағдарламасы 5
Бірінші дәріс. ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ.............10
1.Тіл білімі және оның салалары 10
2.Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны.............12
3.Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы................13
4.Тіл білімінің теориялық және практикалық мәні............16
Екінші дәріс.ТІЛДІҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ..............17
1.Тілдің табиғаты..17
2.Тілдің қоғамдық қызметі 18
3.Тіл және ойлау 20
Үшінші дәріс.ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ,ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІЛІК СИПАТТАРЫ..22
1.Тілдің таңбалық сипаты...................................22
2.Тілдің құрылымдық және жүйелілік сипаты..................26
3.Синхрония және диахрония.................................29
1-модуль бойынша тест сұрақтары 31
Төртінші дәріс. СӨЗДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ..................32
Бесінші дәріс. ГРАММАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ФОРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛАРЫ...40
1. Грамматикалық тәсілдер..................................40
2. Грамматикалық-формалар мен грамматикалық мағыналар......46
3. Грамматикалық категориялар..............................48
Алтыншы дәріс. СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ...............55
1. Сөз тіркесінің құрылымы.................................55
2. Сөйлемнің құрылымы......................................60
Жетінші дәріс. СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ

ТОПТАСТЫРЫЛУЫ...62
1.Сөз таптарының шығуы мен дамуы 62
2.Сөз таптарының топтастырылуы 66
2-модуль бойынша тест сұрақтары............................68
Сегізінші дәріс. ТІЛДІҢ ШЫҒУ МЕН ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘСЕРЛЕРІ 70
1.Тілдің шығуы...70
2.Тілдің дамуы...73
3.Тілдердің өзара әсерлері.................................76
Тоғызыншы дәріс. ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ..78
1.Тілдердің шығу тегі,туыстығы жағынан топтастырылуы.......78
2.Тілдердің құрылымдық ерекшеліктері жағынан топтастырылуы..82
Оныншы дәріс. ЖАЗУДЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ.......................86
1.Пиктографиялық жазу......................................87
2.Идеографиялық жазу.......................................87
3.Буын жазуы...89
4.Әріп (дыбыс) жазуы.......................................91
3-модуль бойынша сұрақтар..................................93
Әдебиеттер...95

Байынқол Қалиұлы

Тіл біліміне кіріспе

(мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал)

Редактор: Бейсенбинова Г.А.

1. 10. 96. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16 Көлемі 10 б.т.
Тираж500. Заказ № 41. Бағасы келісімді.
"Қазбілімжабдықтау" Өндірістік коммерциялық бірлестік.
Аблайхана, 34.